

Жамбы атты ру бәйгі жасаймын деп
Бір қарағай тігіпті биік қылып.

Ол жерге тағы келді ел жиылып,
Күдаға бір қыз үшін көп сиынып,
Қалтаға ат басындай алтын салып,
Қарағайдың басына қойды іліп.

Алтынды қарағайға асады енді,
Мергендер мылтықтарын басады енді,
Оқ тиіп біреуміз өлеміз деп,
Корқактар быт-шыт болып қашады енді.

Атады талай мерген мылтық алып,
Барады талайының көңілі қалып,
Үш жұз мерген жиыпты Шынтемірхан,
Тамам жұрт карап тұрды көзін салып.

Барады акку аткан оған таман,
— Мергендер, келмеді ме бұған шаман?
Бәрін де түсіре алмай шаршадындар,
Кезекті атуға енді берші маған.

Атып болсан, бәрің де былай тұрғын,
Сіздер шын өнерімді сынай тұрғын.
Жамбыны бір атканнан мен түсірсем,
Ыза болып бәрің де жылай тұрғын.

Акку аткан келеді мылтық алып,
Кезек берді баршасы қарай қалып,
Көздел тұрып мылтыкты басып еді,
Оғы кетті жамбыны жұлып алып.

Жаратқан барша жанды жаббар алла,
Әрқашан жалғыздарға болған пана,
Жамбыны бүгін түстен атып еді,
Келесі күн түседі сол уағында.

Кешегі аткан жамбысы бүгін келді,
Барша жұрт мұны көріп қайран болды,
Бәйгіні төртке дейін алғаннан соң,
Сандалып Шынтемірхан қайғыланды.

Сонда елін Шынтемірхан жиып алды,
Ұлық, кішік бәріне ақыл салды,
Басындағы азғырып ақыл айтқан
Қасына Орман дейтін биін алды.

— Би едің, өзің қазы, ақылың дана,
Корқытты ғой мені енді осы бала,
Отыз күндей тоқтаттым амалменен
Бір ақылды тапсаңшы тағы жаңа.

Орман би сөз сөйледі сабыр қылып,
Сасқанын Шынтемірдің анық біліп;

— Баста, күдер ұзгізбей, берейін деп,
Несіне енді маған тұрсыз келіп?!

Падиша айрылыпсыз дана сөзден,
Осынша сасып тұрмын өзінізден
Беремін деп қызыңызды уағда қымай,
Неге ақыл сұрамадың бұрын бізден?

Айтайын бір ақылды енді сізге,
Бұл бала бәле болды енді бізге,
Күнікейді бір жаққа қашыралық,
Таппаған бол қаралық өзіміз де.

Қырық жігіт алып кетсін түнде барып,
Сандығымен арбаға салып алып,
Қайда кетіп қалғанын қайдан білсін,
Таппаған бол қаралық ертіп алып.

Хан сонда мына сөзді мақұл көрді,
Жиылып сарайдағы қызға келді.

Жетеуі, я алла, деп аяңдады.
Жұруден күндіз-түні аяңбады.
Алты жыл дамыл алмай жүріп келді,
Бір жерде үш ай жатып аялдады.

Алтауы сол арада ақылдасты,
Айтқаның бір-бірінің макұлдасты.
Кемпірге қандай қайла қыламыз деп,
Ойланып, енді бұлар жаман састы.

Енді тағы ол жерден бір жыл жүрді,
Құдай ондап еліне жақын келді,
Жалмауызға бір қайла қылыңыз деп,
Ер Дотан жолдастарын жібермеді.

Күнікей білмейді екен, кемпір барын,
Әбден ұғып біледі соның бәрін.
— Құдай қосқан қосағым батыр Дотан,
Болдыма енді менін айрыларым?!

Күнікей мұны айтып қылады зар,
Деуші едім құдай қосып етемін жар,
Жалмауызға қылатын қайла жоқ па?
Әрқайсынның мын кісілік өнерің бар.

Ер Дотан қайраттанды мына сөзге,
Бізді де батыр дейді көрер көзге.
Сізді беріп кемпірге қалғанымша,
Өлелік ажал жетіп екеуміз де.

Акку атқан айтады Дотан ерге,
Сіз-дағы, Күнікейжан, жылай берме!
Жалмауыздың амалын мен табайын,
Жетелік үш күншілік енді жерге.

Желаяқ сұлу екен жаннан асқан,
Баршасы Желаяққа ақылдасқан,

Желаяқты Күнікей деп алып барғыл,
Бұл жерде пайда болmas босқа мұнан.

Баршасы осы сөзді мақұл көрді,
Мергеннің бұл айтқанын ақыл көрді.
Кылдан өріп, шаш қылып Желаяққа,
Үстіне қыз киімін киіндірді.

Желаяқты Телқонырға міндіреді,
Ерлердің бұл ақылын кім біледі?
Мерген менен палуанды жолға қойып,
Кемпірге Дотан, Желаяқ тік жүреді.

Кемпірге бұл екеуі келеді енді,
Жалмауыз бұл екеуін көреді енді,
Желаяқты Күнікей деп алып келіп,
Қолына жалмауыздың береді енді.

Сөз сұрап сонда кемпір Дотан ерден,
Кемпір тұра жүгірді келген жерден,
Шырағым, аман-есен келдің бе,— деп,
Дотанға жақсы қызмет қыла берген.

Дотанның атын байлап түсіреді,
Неше түрлі тағамдар пісіреді.
Атын байлап кіргізіп үнгіріне,
Қыз болып ку Желаяқ көріседі.

Отыр деп төрге кемпір киіз салды,
Қызым деп Желаяқты қасына алды.
— Шырағым Күнікейжан, келдің бе,— деп,
Бетінен Желаяқтың сүйіп алды.

Қап-қара боп қалыпты сүйген жері,
Күнікей дейді қалқам, отыр бері
Істеген енбегіннің ақысы деп,
Екі ат басы Дотанға алтын берді.

Ер Дотан кідірмestен жүріп кетті,
Жолдағы екі жолдаска барып жетті.
Жетті-ау деген уакытта Желаяқ та
— Тұзге шығам, ана, деп тәжім етті.

Екеуі тұзге таман аяңдады,
Сүм кемпір бір азырақ аялдады.
Желаяқ мұны көріп жүгіреді,
Кемпір де бір сұмдықты демде анғарды.

Желаяқ келе жатыр құстай ұшып,
Жығылды ку жалмауыз жерді құшып,
Желаяқ құстай ұшып анқылдады,
Кемпір де Желаяққа жақындалы.

Аз жүгірсе жалмауыз жетпек болды,
Аузын ашып жеткен сон жұтпак болды.
Жасырынып тұрған палуан жалмауызды
Бір тәбемен оны ұрып құртпак болды.

Ол тәбені көтере тұра келді,
Тұра сала тоқтамай желдей желді.
Бір тәбені жұлып ап тағы да ұрды;
Жығылмастан тәбені ап жөнелді.

Тәбені жығылмастан ап жөнелді,
Онаң өтіп мергенге карсы келді,
Маңдайында табактай жалғыз көзді.
Акку атқан оқ атып бір жіберді.

Оқ келіп жалғыз көзден тұра тиді,
Кемпірдін тыптыратып жанын қиды.
Тостағандай оғы бар мылтырының,
Көзінің шарасына бірақ сыйды.

Жалмауыз шошқаға ұқсан шыңғырады,
Желаяқ жолға түсіп дынғырады.

Қазірет құзыр жар болған ер Дотанға,
Болмаса мұндай істі кім қылады?!

Ер Дотан екеуіне келді шауып,
Жалмауыз өліп қалды қаза тауып,
Күнікей мен жолдастарын ертіп келіп,
Қазнасын жалмауыздың алды тауып.

Жеті сарай толы екен алтын-күміс,
Он төрт жылдық бұл өзі болды жұмыс.
Кемпірдің қазынасын тамаша қып,
Сол жерде үш күн жатып алды тыныс.

Үш күн жатып еліне жүрмек болды,
Аман болса ел-жұрттын көрмек болды.
Аллаға шүкір қылды бишараптар
Жалмауызды өлтіріп көңілі толды.

Алкисса, Құбақанбай Дотанды сағынып, әрқашан алла тағалаға мінәжат қылып айтқан ғазалы:

Құдірет алла жаратқан,
Тілегімді берсөнші.
Дотанымды аман келтіріп,
Көзімнің жасын көрсөнші!
Беріп едін, құдая,
Тілегімді жасынан.
Дотаным менің келмеді,
Ұшатұғын бола ма?
Дәүлет құсым басымнан.
Кешіре көр, құдая,
Күнәм менің көп еді,
Басымдағы шашымнан.
Перзент, дәүлет мол бердін,
Өз құрбымнан асырып.
Ертегі-кеш жылаймын,

Эулиелер аруагы,
Кабырына бас ұрып.
Рақыматлық յ алла,
Тілегімді беріп ен.
Неліктен мені зар қылдын?
Қолымнан құсым қашырып,
Үйдегі отыз тоғызы,
Бір Дотандай болмайды,
Толып жатқан көп жаман,
Қолынан түк келмейді.
Бәріне басшы сол еді,
Бір дұспан келсе ауылға,
Мұндағы отыз тоғыздын.
Біреуін көзге ілмейді.
Құбаканбай зарланып,
Құндіз-түні жылауда.
Ашыла ойнап күлмейді,
Берсөңші алла тілегім,
Дотанымды аман келтіріп,
Құтылар ма екен, құдая,
Алдындағы дұшпаны,
Жалмауызды өлтіріп,
Жаратқан патша құдая.
Көзімің жасы көл болды,
Жалмауыз деген көп дұшпан,
Алдына асқар бел болды.
Балаларым ер жетіп,
Ел көрем бе деп едім.
Ойлаған ойым баршасы
Ағып кеткен сел болды.
Жаратқан жаббар құдая
Берсөңші Дотан баламды.
Келер уақыты болды деп,
Құндіз-түні зарланып,
Қөнілім менің алаң-ды.
Дотаным менің келмесе,



Үйімді келіп көрмесе,
Тілегім құдай бермесе,
Көрген де күнім қаран-ды.

Құбаканбай осылай деп жүрді жылап,
Құдайдан күні-түні мәдет сұрап,
Шешесі ер Дотанның о да бірге,
Көл қып жүр көзінің жасын күнде бұлап.

Анасы ер Дотанның көп енірейді,
Келеме жалғыз ұлым деп енірейді.
Сегіз қатынның ұл-кызы бәрі түгел,
Мен-ақ ку бас болдым ба,— деп енірейді.

Сол кезде қореді олар алдағы елді,
Сүйіншіге біреуін барғын дейді,
Дотан ер: елге енді жақындағын,
Сүйінші ата-анадан алғын дейді.

Мергенді сүйіншіге жібереді,
Атына қамшы басып жөнеледі.
Сәлдесін Құбаканнның жұлып алып,
Балан келді, сүйінші бергін деді.

Мергенге үш тоғызбен шапан жапты,
Бәрі шулап алдынан қатар шапты,
Дотанды көргеннен соң ата-анасы,
Ағытқан койдай болып жамырапты.

Көрісті атасымен, анасымен,
Аскар таудай басында пана-анасымен,
Шешелермен көрісіп кезек-кезек,
Көрісті отыз тоғыз ағасымен.

Амандастып сағынған көрді елді,
Көп сыйлап жолдастарын мейман қылды.

Күнікейді ата-анасы күрмет етіп,
Алтынды ақ ордаға алыш келді.

Құбақан бесеуіне, бес қыз берді,
Бала қылып алады өңкей ерді.
Жамағат оқығаның ғайып етпе,
Сөз қылдым Дотан сынды кеменгерді.

Күнікей келін болды Құбақанға,
Құллі жұрт көркін көріп қалды таңға.
Қыз тауып ағаларынды үйлендір деп,
Сөз айтты, Құбақанбай ер Дотанға.

Сонда Дотан бұл сөзді мақұл көрді.
Атасының айтқанын ақыл көрді.
Ағаларға қызды сай табамын деп,
Отыз тоғыз ағасын ертіп жүрді.

Бесеуін аға қылып малға қойды,
Қырық күндей шаттанып қылды тойды,
Ер басына бір коржын алтын алыш,
Баршасы ел іздеуге қозғады ойды.

Баршасы қолына алды кару жарак,
Жүреді Дотан ерді мынға балап,
Айлық жерде, құблада ел бар дейді.
Бармаққа соған қарай қылды талап.

Отыз тоғыз ағасы Дотанға ерді,
Көрмекке ниет қылды шалғай жерді,
— Бір құдай бактарынды өзі ашсын,— деп,
Құбақан балаларға бата берді.

Бәрінін де мінгені өңкей тұлпар,
Келеді қыз алмаққа болып інкәр.
Бар құдай ер Дотанға мәдет берсін,
Қасында жолдастының бары дімкер.

Құбақанбай жіберді бар баласын,
Балалар жақсы көрер өз анасын,
Мінгені өңкей тұлпар тынбай жүріп,
Көреді он бес күнде ел қарасын.

Ұксайды жүрістері соққан желге,
Дотанды санар бәрі асқар белге,
Ел ізdegен батырлар алыс жерден,
Кез келді қырық мың үйлік аз ғана елге.

Бір байға мейман болып келіп қонды,
Сұрайды кімсіздер деп енді жөнді,
Мән-жайын бастан-аяқ батыр Дотан,
Сураған ол адамға айтып көрді.

Бұларға мейман қылып мал сояды,
Алдында екеу ара ас қояды..
Құп сыйлап, жақсы қызмет көрсеткен сон,
Қырық жігіт разы бол тояды.

Тамакқа тойғаннан сон жатып қалды,
Шаршап келді үйқыға батып қалды,
Тан сарғайған уақытта біреу келді
— Тұр, атқа мініндер деп айғай салды.

Сонда бұлар оянды көзін ашып,
Қараса елі жатыр асып-сасып,
Айқай салып шулаған жүртты көріп,
Отырды қайран қалып таңырқасып.

Тан асып шу деп тұрған өңкей тұлпар
Дүбірге шыдамайды шамырқасып.

Еркек қалмай тәмәм жүрт мінді атқа,
Тауды бойлап жөнелді биік шатқа.
— Я, алла, деп ер Дотан тұра келді,
Шулаған таңырқасып дүйім жүртқа.

Ер Дотан тұрғын деді ағаларға,
Біреуің мына елге бар хабар ала,
Ел-жұрты сонша қатты шуласып жүр,
Неліктен душар болған дабыраға,

Ағасының біреуі барып келді,
Барып елден хабарды алып келді,
Қыз аламын деп келген жазған байғұс,
Қатты кейіп ол өзі налып келді.

Ағасынан ер Дотан кеп сұрады,
— Неге қатты кейіндін? — деп сұрады.
— Әдейі іздеп келіп тапқан елді
Жау шауып алады гой, деп жылады.

Ағасы жылап келіп кеп айтады,
Уайым өз басы үшін жеп айтады,
— Жау шапса, мынау жатқан елді шабар,
Біздің немізді алады,— деп айтады.

Аттарын шалдырады отқа қойып,
Тамақтанып алды олар әбден тойып,
Тұс қайтып, ұлы бесін болған шакта,
Жау женіпті елді тым қырып, жойып.

Бесінде женілдік деп хабар келді.
Елді үркітіп қууға хабар берді,
Батыр Дотан мініп ап Қара көкке,
Ерті қашып келген тәмәм елді.

Батыр Дотан бұл елден сөз сұрады,
Мәні-жайын білуғе тез сұрады,
— Қандай жұрт дүшпандарың баян қылшы
Білейін мәні-жайын деп сұрады.

Дотанға сұраған соң айтады сөз,
Қырық мың үй, Қырықбоз деген ел едік біз,

Уәлихан дейтүғын датқамыз бар,
Айталақ бастан-аяқ есітіңіз.

— Қалмақтан Қалдан деген хан шыбынты,
Көп жанды қырып, жойып жерге тықты,
Әр жердегі қазактың бәрін жеңіп
Аттанып бөлек жатқан бізге кепті.

Аттанып жүз мың әскер бізге келген,
Киратты біздің елді келген жерден,
Қалмақтың әскери көп қаруы сай,
Ешкім қарсы шыға алмад біздің елден.

Бір шетін еліміздің шауып жатыр,
Олжаны біздің елден тауып жатыр,
Он мың үйді сыптырып, малын алып,
Қолға түскен еркекті қырып жатыр.

Біздің ел сол қалмақтан өлмек болды,
Қайтадан тағы олар келмек болды,
Жараксыз бекер жатқан ел екен деп,
Олжалап еріккенде алмақ болды.

Бұл сөзді тыңдал тұрды Дотан батыр,
— Қалмақтан жеңіліпсіз болып ғапіл,
Қалмақ алып ешқайды құтыла алмас,
Айтайын, мұсәпірлер, мен бір ақыл:

Қалмақтан шошыныпсың есің кетіп,
Бастарыңа тұр екен зауал жетіп,
Үш мың кісі тауып бер маған бүгін,
Қалмақ малды сінірмес алып кетіп.

Үш мың ер маған тауып бергін дейді,
Қазір менін артынан ергін дейді.
Аллаға тәуекел деп мен барайын,
Сіздер менін ерлігім көргін дейді,

Мынау ел Дотан сөзін макұл көрді,
Күдай айдал келіпті мұндай ерді,
Ел жиылып кенесіп ары-бері,
Қолына үш мың кісі жиып берді.

Көрсетпек болды Дотан бір қайратты,
Кара көк мініп алды тұлпар атты.
— Я, алла, құзыр бабам мәдет қыл, деп.
Ер Дотан көп қалмақты қуып кетті,

Бас болып батыр Дотан өзі барды,
Жолдаст кып мың кісіні қасына алды,
Жер қайысып бара жатқан көп қалмақпен,
Ер Дотан озып барып соғыс салды.

— Я, алла, деп ер Дотан,
Калмақка жалғыз барады.
Батыр Дотан қалмақта
Қырғынды катты салады.
Айдаған малы қалмақтың,
Далада бекер қалады.
Артындағы үш мың ер,
Малды жиып алды.
Бас-басымен қайғы қып,
Батыр Дотан қалмақты,
Айдал кетіп барады.
Қойға шапқан қасқырдай,
Кез келгенін қалмақтың,
Шайнап кетіп барады.
Кейде садақ тартады,
Кейде мылтық атады,
Кейде қылыш шабады,
Қырылғаны қалмақтың,
Койдай жосып жатады.
Қасындағы жолдастар
Қызыққа әбден батады.
Басында құдай батырды

Жау үшін арнап туғызған,
Бір күн, бір түн соғысып
Қалмақтың қолын қашырып,
Қанмен бетін жуғызған.

«Қашқан жауға қатын ер»,
Қалмақтың сесі қайтқан соң,
Қасындағы қазакқа,
Найзалатып құғызған.

Жолдастар қызық қөрсін деп,
Айдал жүріп қалмақты
Шапқан шөптей қырғызған.
Жар болып алла Дотанға,
Қалмақты жаман қырады.
Уш күн, уш түн қуалап,

Атының басын бұрады.
Тірі қалған қалмақтың
Үсті-басы жаралы,
Сағы жаман сынады.

Атының басын бұрган соң,
Айғай салып ер Дотан,
Өз әскерін жияды.
Қалмақты қырып қашырып,
Тірісін таудан асырып,
Өлігін атқа бастырып,
Қалмақты жаман састырып,
Көнілдері тынады.

Қазақтар енді қайтып, жиды малды,
Дотанның ерлігіне кайран қалды.
Бір тауға қашып кіріп қалған екен
Екі жүздей қалмақты ұстап алды.

Қалмақты үш күн, үш түн көп киратты,
Сол күнде қырық мындаіын қырып сапты.
Жаралысы, сауы бар төрт жүздейін,
Тірі жүрген жерінен тауып апты.

Ер Дотан елге қайтты малды айдап,
Дүшпанин төрт жұз аса кісі сайлап,
Құзір шалған бір ердің аркасымен,
Келеді елдеріне күліп ойнап.

Кеткен малды түп-түгел айдап келді,
Куантты жесір-жебір болған елді.
Әрқайсысы өз малын танып алып,
Куанып елі-жұрты бек шат болды.

Уәлихан ер Дотанға өзі келді,
Алдына қызмет қылып аттай желді.
Өзінің барша жұртын жиып алып,
Уәлихан еліменен кеңес қылды.

— Бұл жігіт құдай айдап келген еken,
Жылаған көздің жасын көрген еken,
Ұнатсан хан қылындар мұны, жұртым,
Құдайым бір асылды берген еken.

Ал сонда кабыл көрді жұртын бәрі,
Айтқаны Уәлиханның болды дәрі.
Кариялар билерімен бата қылып,
Дотанды хан көтерді баршалары.

Хан болып батыр Дотан төрге отырды,
Ағалары қасында бірге отырды.
Хан болған Ер Дотаның құрметіне,
Әрқайсынына әпкеліп бір қыз берді.

Хан болып батыр Дотан үкім қылды,
Патша құдай мұратқа жеткізді енді.
Бәнде болған қалмактан төрт жұз кісі,
Хан айдатып алдына алдырды енді.

Төрт кісіні еліне қайтсын дейді,
Қалданға бізден сәлем айтсын дейді.
— Мекенім Сарғуада атым Дотан,
Сол жерден керек болсам тапсын дейді.

Хан болып Дотан сонда үш ай тұрды,
Ағалары бірқатар қызық көрді.
Әммесіне сол елден қыз ап беріп,
Хан Дотан өз еліне кетпек болды.

Хан болып батыр Дотан үш ай жатты,
Көрсетті халайыққа ғаделетті,
Өз аулына қайтпаққа батыр Дотан,
Жұртын жиып, сұрады рұксатты.

Сонда жұрт жауап берді Дотан ерге,
Кайда кетсөн ала кет, енді бірге,
Әруақыт дүшпан келсе қор болғанша,
Біз де өлейік, сіз барып өлген жерге.

— Олай десең ал көшіп жүргін дейді,
Көшіп жүріп көп қызық көргін дейді.
Жұз мың үй сиятуғын қонысым бар,
Артымнан іле жортып ергін дейді.

Ел сонда көшті дейді мақұл көріп,
Қырық мың үй бір Дотаның сонына еріп;
Ұлан Тобыл дейтүғын жерге қонды,
Бір ай жарым арада көшіп келіп.

Сарғуаның аяғы ұлан Тобыл,
Сол жерге келіп қонды көшкен ауыл.
Манайына дүспан жау жолатпастан,
Дотан хан болып тұрды біrnеше жыл.

Патша құдай Дотанға берген нәсіп,
Ағалары сөйлейді желдей есіп,
Әрқайсысы бір-бір қызды таңдал алып,
Атасына келеді елдей көшіп.

Хан Дотан той қылады ат шаптырып,
Тойына қырық мың үй ел шақырып.
Алдына хан Дотаның ұлық-кішік,
Әммесі қызмет қылды тіке тұрып.

Той қылып Құбақанбай пікір қылды,
Төрт жұз елу қасына отау қонды.
Жалғыз үйі Құбақанның көп ел болып,
Кұдайға мың мәртебе шүкір қылды.


Той тарқап, жүрттың бәрі қайтып кетті,
Хан Дотан қылды жүртқа ғаделетті.
Қара қылды қақ жарған ғаділ болып,
Сөйтіп жүріп мұратқа бәрі жетті.

Өзінің бектерінің балалары,
Құбақанның қыздарын олар алды.
Мұратқа ол адамдар сөйтіп жетті,
Ақыры олар дағы дүние салды.

Басында ертегі еді мұның өзі,
Осындай қып біреудің айтқан сөзі.
Қисса қып, шығаруға лайық көріп,
Жүсіпбектің бұ да бір салған ізі.



Арқалық батыр





Е

л еді егіз жатқан Керей, Найман,
Шығады сөз болмаса мизан¹ қайдан.
Қазактын хан билеген заманында
Жау бопты қазак, қалмақ барымта алған.

Батырға болып қайран кек қайтарған,
Еселеп жылкы алыпты Ұранқайдан²
«Төбесіз жер, төресіз ел болмайды» — деп,
Төре сұрап алыпты Абылайдан.

Керейге төре бопты Әжі төре,
Қазакты құл ғып езген бұл бір төбе.
Еш адам оған батып сөз айтпады,
Маңайын қанқақсатып бүлдірсе де.

Арқалық батыр шыққан Қарақастан,
Батырға елі де үлкен үміт артқан.
Әкесі кедейліктен киіс көріп,
Әке үшін тақсіретін бала тартқан.

Жаушылап қазак, қалмақ мал қуысып,
Бітім жок шабыс бопты қан жуысып.

¹ Мизан — зан, жолжосық, ереже.

² Ұранқайдан² — қалмактың бір руы, Алтай, Койда төнірегінде түрған.

Сол кезде он сегізде ер Арқалық
Жауымен сан айқасқан бел бұсып.

Жолдасы Арқалықтың Жұбай деген,
Бір-бірін жан емес «сен бұлай» — деген.
Рұы Ботақара деп айтады,
Арқалық түйдей құрдас Жұбайменен.

Шатай, Тұяқ, Ситанды жолдасқа алып
Бесеуі жылқы әкелген жауға барып.
Көкшұбар жылқы ішінде сұлу жорға
Ат екен көрген адам таң қаларлық.

Жау болған Эжі төре Ұранқайға
Түсіпті барымтадан оған пайда,
Керейлік Бейсенбі би бесеуінен
Сауға деп Көкшұбарды алды жолда.

Төреге жеткен екен осы хабар,
Шақыртып Арқалыққа төкті қаһар.
«Жорғаны неге бердін сауғага» — деп,
Дүренің астына алды сұрап сауал.

Малсызды бай мен төре жаратма ма,
Кедейлік ар, үятқа қаратама?
«Арқалық, ұрлығынды қойғайсын!» — деп,
Қорғасын құйды сонда алақанға.

Төренің кім шыдайды зардабына
Басқанда жер қайыскан салмағына.
Төренің зардабына шыдай алмай
Келдім де егін салдым жан қамына.

Шал еді әкем Бөрібай жасы келген,
Шешеміз ерте күнде жасымда өлген.
Қатын мен бес жасар бір баламыз бар,
Тұыс жоқ тек сол бала соңыма ерген.

Сармаса алажаздай егін салдым,
Бір сиыр, бір байтал бар барлық малым.
Тары пісіп, келі түйіп ішкеннен соң
Тоғайып соныменен әл жинадым.

Жатыр ем, түн ішінде біреуі келді,
Жүргегім аттай тулас қоя берді.
Аттының бет алысы — акыр заман
«Арқалық, шақырған, шықшы бері».

Карбандал әлгі жерде тұра келдім.
Жадағай жаман шекпен бойыма ілдім.
Шошынған соң төреден сорлы басым:
Кеп жүрген түн ішінде кімсін? — дедім.

«Арқалық, жастан шықкан бағалы ерім,
Бәйметей деген мен бір аған едім.
Карақас, Ботақара, Төлеңгіттен
Бұйрықты жетсін» деген ала келдім.

Әкем Бөрібай шал есітіп күніренді,
«Келін-ау, от жарық қыл үйге деді.
Бәйметей, жарықтығым не деп тұрсын,
Сөзінді үйге кіріп үқтыр!» — деді.

Бәйметей істің мәнін түгел теріп,
Бөріге мәлімдеді үйге кіріп.
Төреден алпыс жылқы анау күні
Айдал бір әкеткенін дүрбі¹ келіп.

Жұмсақ осы жауға Арқалықты,
Батыр деп бұған артпак бар салықты,
Батырым тез келсін деп күтіп отыр.
Байқаймын, төре осы іске жан салыпты.

¹ Бұ да қалмактың бір рұы.

«Бәйметей мына сөзін түрі жаман,
Ақырын өзі онғартсын хақ жасаған.
Болмағай іске душар Арқалығым
Жүрекке қайғы екен бір закым салған.

Бәймеке, сенін ауылын Қызылқұмда,
Аптықпай, сабырменен сөзім тында.
Бір ұлым үйде өлтірсін, бере алмаймын.
Ойланбай бекер кепсіз, жетіп мұнда!»

«Арқалық жүрек басым күмғандай ғой,
Жақсылық көзді ашып-жүмғандай ғой,
Каракас, Ботакара, Төленгітпен,
Шырағым, бір кісіден туғандай ғой.

Бармасан көпке төре жұмыс салар,
Каракас, Ботақараны жиып алар
Калайша қуғыншыға бармады деп,
Арқалықты ұстап бер деп әлек салар!»

Бұл сөзін Бәймекеннің Бөрі тындал,
Біресе қобалжыды бір макұлдан.
«Бармасан малын куып жау дүрбітке,
Қор етер — деді — бізді сорға шырғап.

Карағым, онан да сен барып келсен,
Кайрат қып малына мал алып келсен
Өз мойнымен көтерер жұмсаған сон.
Іс болып жазатайым кісі өлтірсен.

Бәйметей екі таптың басшы адамы,
Оның да елдін камы ойлағаны.
Өзін үшін туыпсың, жұртын үшін,
Бармаймын деудін, балам, болмас мәні».

Деген сон барайын деп тілін алдым,
Жадағай жаман шекпен киіп алдым.

Бар еді жемге баккан бір байталым,
Байталға өзі жауыр желқом салдым.

Байталға шұбар шолақ желқом салдым
Найзамды, бар қаруым қолыма алдым.
Аяққа киіз байпақ, тері шакай
Иласып, Бәйметеймен бірге салдым.

Шалшықай, Тұмандыға тұра бастап,
Жол тарттым тағдырылға істен кім бар аспак.
Тұн қатып, күн шыққанда төре келдім,
Кермеге атымызды байлап тастап.

Төреге алдияр деп келіп кірдік,
Иліліп, кол қусырып сәлем бердік,
Бастады айтар сөзін кідірместен
Әпер деп Дүбірліден маған теңдік.

«Арқалық, жастан шыққан сен бір ер деп,
Дүбірлі жауды қырған найзакер,— деп
Корлығы жау дүрбіттін өтіп кетті,
Шақыртқан себебім сол сені кел деп.

Арқалық, жау дүрбіттін корлығы етті.
Жылқы алып таңдай тал тұс дурлдетті.
Жылқыдан отардағы Саршокыдан
Өзімнен алпыс жылқы алып кетті.

Арқалық, жастан шыққан сен бір ер деп.
Дүбірлі жауды қырған найзакер деп.
Отырмын жау корлығын саған айтып,
Кегімді дүбірліден алып кел»,— деп.

Алдияр, ак сұнкарым, келдім саған,
Отырған төре, кара бәрін тамам.
Тірі болсам бұл кегінді әперейін,
Тауып бер бір жүйрік ат дедім маған.

«Арқалық, атың шыкты өнерменен,
Топ жарып сен келіп ен кедергіден.
Бар еді өз басымда бес жұз жылкы
Ішінде ат бар ма еді сен білмеген».

«Сөйлейді шешен адам тіл мен жағы,
Келсендер аман, есен елдің бағы.
Алдына үш жұз аттан жан салмаған
Көкжалы Сейілқанның, менің дағы.

Жігітке жауға мінер ат ынғайлы,
Кара жер катты басса бүркүрайды.
Жылқыдан жайлаудағы алып кел» — деп,
Жұмсады қаршыға көз Кенгіrbайды.

Жылқыға отардағы Қегім кетті,
Мініп алып, бір жүйрікпен зар еніретті.
Кідірмей қайта айналып Әж төреге
Көкжалды бұлықсытып алып жетті:

Көкжалға желіп кетсе жел жетпейді,
Дарияға ай арманды боп кім өтпейді.
Көкжалды тан асырып байлап көрсем,
Тепкілеп кара жерді өрнектейді.

Тұр еken кermесінде қабырғалап,
Қызырып екі көзі отша лаулап.
Селкілдеп жер ошактай жерді қазып,
Кара тер жаясынан тұр сорғалап.

Боларын енді жолым сонда білдім,
Төреге алдияр деп қайта кірдім.
Атым сай, жолдас керек ептеілі деп,
Калаулы бұйымтайды айта кірдім.

«Батырым, жолдасыңды ал қасына ерген,
Өзіңмен бірге барып, бірге келген.

Бәрін де дайын қылып жүргізейін,
Кім еді жан жолдасың алып жүрген?»

Жолдасым Жұбай еді ақыл серік,
Тар жерде талмаушы еді ақыл беріп.
Касыма серік етіп соны алайын,
Басқаны қосыңыздар өзің біліп.

Бәйметей ел ағасы Ботақара,
Шакырды Бәймекемді сол арада.
«Тез барып Жұбайды әкел деді тауып,
Батырдың жолдасы еken ақылы дана»,

Жұбайға жарлықты алып кетті шауып,
Жарлыктан бұрылмайтын беті қауіп.
Екеуміз 18 ге бір шығып ек,
Қандай ерлік қылсақ та бірге барып.

Әкелді әлгі жерде Жұбай ерді,
Байлаулы бала құстай бұл бір шерлі.
«Жұбай, сен Арқалыққа ересің!» — деп,
Әжі төрем сол арада әмір берді.

Жұбай айтты: «Аксұнқарым, келдім саған,
Отырған төре-кара бәрің тамам.
Бар десеніз барайын жолдас болып,
Бір жүйрік ат беріңіз тақсыр маған».

«Сен де мін Көкшегірді кермеге ілген,
Көкжалдан кейінгі сол келіп жүрген.
Аласың қанша кісі жолдас етіп,—
Деді — айтқан тілегіңің бәрін берем?»

Жұбай айтты: «Жұз кісі бер жау қу десен.
Қопарып, ел шабайық қан жу десен.
Баралық төрт-бес кісі ұры жолмен,
Малға-мал, тақсыр, есе әкел десен».

Куғын-сүргін, кісі өлсе не болады,
Соның жайын бекітіп айтқын маған?

— Аркалық, жастан шықкан сен бір өрен.
Жаксының ақылы мол, ойы терен.
Әп келсен осы жолы бұл кегімді
Берсем де Сейілканды, сені бермен.

Ханым айтты: — Екі батыр, сөзді абайла,
Тұп нағашым сендерсің оны да ойла,
Малға мал алсаныздар ақылменен
Әркімнің бас аманы өзіне олжа.

Әжі төрем сол арада ашуланды,
Колына сар таяқты жұлып алды.
Катын дүшпан дейтүғын осы екен — деп,
Ханымды сар таяқпен салып қалды.

Өзімнің малым деді дұrbіт алған,
Дәлдеп кеп аткан оқтай тиді маған.
Келсен де кісі өлтіріп, өзім көрем,
Жұбай ғой жүрегіне зақым салған.

Билеген Керей елді төрен едім,
Малыма мал әкеп бер, өрен дедім.
Басқа елдін жұмысы емес кесетүғын
Мен өзім не болса да көрем дедім!

Сонан соң қымыз ішіп сусындасты,
Төрем серт сөйледі деп, кутындасты.
Не болса да тәуекел көрелік деп
Атқа мініп, жөнелдік біз зырлатып.

Жөнелдім жау карасын көргендейін,
Колымнан ұранқайға бергендейін.
Немене айтып-айтпай, ойбай, тәнір-ай,
Оққа ұшып әкем Бөрібай өлгендейін.

Біз келдік Шатай, Тұяқ, Ситандарға,
Тұр екен олар күтіп қарауылда.
Үшеуі бірден ұғып сөз мәнісін
«Тәуекел кеттік» — деді сол арада.

Мойнынан Күйгенқора баса жүрдік,
Белінен Нәрінқара аса жүрдік.
Бет алып Ертісті өрлеп Қыранға кеп,
Сол жерде тұнде жатып ерулендік.

Бурыл тоғай, Қилудан көктей өтіп,
Тұн салқын, күзгі уақыт, қатты жортып.
Барғанша ұранқайға асық болып,
Бойына қара Ертістің келдік жетіп.

Жұбай айтты: — Арқалық, сен бір ер деп,
Дүбірлі жау алатын найзакер деп.
Топадай жел жоқ екен, толқын да жоқ
Ат салып енді Ертістен өтіп көр,— деп.

Сол жерде апыр-топыр түсे қалдық,
Қамыстан бір-бір салды буып алдық.
Ертоқым мен киімнің бәрін шешіп,
Қамыстан буған салға шығып алдық.

Шыпымдалап атақты Ертіс ағып жатыр,
Кекжал ат суды сүзіп келе жатыр.
Жұбайдың өзі сушыл, малтушы еді,
Артымнан Кекшегірмен ерді батыр.

Кекжалға желіп кетсе, жел жетпейді,
Дариға-ай арманды бол кім өтпейді.
Сырылдалап суды сүзіп келе жатыр
Жануар шоқтығынан бір кетпейді.

Алдымен арқан бойы бұрын өттім,
Ситандар қалып қойған кейін де тым.

Бос айдал Көкшегірді өзі малтып,
Артымнан Жұбай таяу келіп жетті.

Сол Жұбай атын тастап қайта кетті,
Кейінгі үшеуіне барып жетті.
Қыркарлап кой өткендей әлгі үшеуін
Бір-бірлеп әлгі жерде тартып өтті.

Аттанған төре үшін біз бес бала,
Кептірдік киім, токым айдалада.
Білікті өңшен құр ат¹ байлан тастап,
Тынығып еру болдық сол арада.

Таң аткан соң жайланаң атқа міндік,
Бет койып енді Ертісті өрлей жүрдік,
Өрмегі Үргеті мен Тасқия асу
Ақбұлақ сұзы күшті соған келдік.

Алтайдың Айыркезең асусы бар,
Қобдыға сонаң асып басусы бар.
Ақбұлақ құздан құлап су ағады,
Күн жауса өткел бермес тасусы бар.

Ақбұршак көбіктеніп жатыр ағып,
Шошыдық суды көріп жүрек қағып.
Бір тасты бір тасқа үрып толқын атып.
Соғады жапырыла жарға ырғалып.

Жұбай айтты: — Арқалық, мына судын түрі
жаман,
Кайтеміз, түсеміз бе енді бұған?
Судан коркып қайтқаннан, өлген артық
Тәуекел өтем дедім — белді бұғам.

Жұбай айтты: — Өтемісін батыр енді?
Өлсек бірге өлелік акыр енді.

¹ Құр ат — мінілмеген, тын ат.

Арқанды белге байлан үстасып ап,
Әтелік тәуекел деп түгел! — деді.

Кайыс арқан белімізден байлан алдық,
Жәнтекем көк терісін ауызға алдық.
Судан коркып барғанмен төре өлтірер.
Матастын умак-шумак түсे қалдық.

Мен сонда Көкжалменен түстім барып,
Найзамды қанжығаға тіреп алып,
Ақбұршак ат-серіктен асып-теуіп,
Бір тасты бір тасқа үрып жатыр ағып.

Айғайлап су ішінде ұран салдым,
Көкжал ат бұл айқайға қуаттанды.
Бесеуміз сол матақсан арқанменен
Ар жаққа аман-есен өтіп алдық.

Бес бала елден шыққан бір-бір ғарып,
Аяғым жазым болса кетер тайып.
Айыркиік Алтайдан асып алып,
Құмкеріш, Төлентіге түстік барып.

Жұбай айтты: «Біз келдік жау шетіне
Сөйлейік жылқы алуудың іретіне.
Саржон мен Тасқияға барып кірсем,
Ел тұрмай жылқы аламыз, бірге түнде.

Бәктерлеп тау қиялап тасты тілсек,
Барамыз екі қонып тұра жүрсек.
Қай жағымен баруға ылайықты
Калауын батыр айтсын оймен өлшеп!»

Мен айттым, достарыма сонда тұрып:
— Ай, Жұбай, сөзім тында мойын бұрып.
Жан қинамай бізге мал табыла ма,
Сүм төрең жіберген соң құрбан қылып.

Не өлмей, не жылқы алмай барамыз ба,
Біз өлсек тышқан күрлы боламыз да.
Жылқы алмай босқа келсөң күнәлісің
Өкпе кіріп жүрмесін арамызға.

Тәуекел, Сарыжонмен баралық та,
Тасқия Дара жатып аралық та.
Колынан дүрбіт бізге малын бермес,
Басынан жылқы күйп алалық та.

Қостады баралық деп Жұбай сол шак,
Ақылшы сөзі тәтті жылы шуак,
Сол жерде апыр-топыр атқа мініп,
Жөнелдік біз бесеуміз умақ-шумак.

Жондата Тасқияға шуге салдық,
Тан ата Сұраншына жетіп бардық.
Басынан Тасқия асу жетіп келсек,
Дараны жау бекітіп алған барлық.

Жұбай айтты: «Арқалық, сорға келдің,
Тау жағын жөндеймін деп зорлап едін,
Ал енді Тасқияны бекітіпті,
Мұнан басқа асу жоқ ойлан емін.

— Тәуекел енді түсіп қарайық та.
Қайынан бір-бір көстік шабайық та.
Зор келер ең жаманы екі қолға,
Шұбама бір жол салып алайық та.

Асу жоқ осы тауда басқа мұнан,
Көз жетпес екі жағы Сұраншынан.
Сол жерден Тасқиямен көпір төсеп,
Жол салдық кешке жакын бір шұбама.

Ішінде Қарабастау, жалғыз суат,
Түсеган Тасжарғанға байладық ат.

От жағып, шай қайнатып, тамак ішіп,
Тынығып, таң атқанша жаттың үйқтап.

Сол жерде үйкы қанып дереу тұрдық,
Әдісін жылқы алудын кенес қылдық.
«Ушеуін осында қал», — деді Жұбай,
Екеуміз жур, баралық, тәуекел ғып.

Жұбайменен екеуміз атқа міндік,
Шатай, Тұяқ, Ситанды салық қылдық.
Жер киын, бір түн қатып тан атқанда
Басына Саршоқының шыға келдік.

Жолымыз болса уайым кеміреді,
Пейілі төренін де кеңір еді.
Отырған қарауылдан Саршоқыда
Бір қылаң бізге үшеу бол көрінеді.

Қорықканға кос көрінер қурай, шырпы,
Дегенді ойға алсақ қандай құлкі.
Қараң, құраң көшін бе деп отырсақ,
Суға кеп түскен екен қалың жылқы.

Қараймыз жасырынып оған жайлап,
Сол жерде атқа міндік «а, құдайлап».
Атқа мініп жүйткітіп жетіп келсем,
Мойнақта бес жылқышы жатыр жайрап.

Біздер жоқ жау келет деп қайғы ойлаған,
Мойнақтан шыға келдік елең-алаң.
Жайрасып бес жылқышы үйқтап жатыр,
Басына жалғыз жайдақ тай байлаған.

Бес мындај жылқы жатыр әлгі сайды,
Жылқыны ала бердік енді ыңғайға,
Жылқыны бір жүз жиырма екі есе ғып,
Құлаттық құлдилатып терең сайды.

Ішінде бөрте бие, бөрте айғыр
Ұялы судыраған қүйрық жал бір,
Үйірі Шегіратпен елу екі
Келісken бәрі әсем сұлу мал бір.

Ішінде сұлу екен Көкмойын ат,
Жүрісі ырғатылған семіз ғажап.
Аман барсак, жорыққа мінсем-ау деп,
Қызықтым көрген жерден қөнілге сап.

Жануардың екі көзі тостағандай,
Алды-арты бірдей келген жатақандай,
Жаясы жануардың жазық екен,
Жас бала жата қалып үйықтағандай.

Иен жатқан жылқыдан бөліп алдық,
Бет түзеп айдайтүғын жолға бардық.
Екпінді Ақбұршак су жолы қыын
Көкжамен көлбендетіп сойыл салдық.

Әлгі ат қашқалы жүр жылқы бастап,
Кісінеп басын алға шұлғып тастап.
Жарқ етіп шыға қашты алдымыздан,
Жібермей қуып келдім сойыл жасқап.

Жұбай айтты: «Ей, батыр, сактанатын
Аман барсак аброй мактанатын.
Куғыншы бізді біліп қуар болса,
Жер қыын тырп еткізбей ап калатын.

Қалжынбас Жұбай келді әлгі жерде,
Қатты айдал біз келеміз Қараөзенге,
Ит қүйрығына ілінген қайран жылқы
Күшпен алдым дейсін бе сен төрене?»

— Сөзіне бұл кекесін ерейін мен,
Ендеше соғысып-ак көрейін мен

Барғанда тағы айттарсын осыныңды,
Оятып жылқышыны келейін мен.

Касқырдай алактадым ызаланып,
Кекжалмен салақтадым қайта шауып.
Жайрасып бес жылқышы әлі жатыр
Касына жетіп келдім айқай салып.

Шошынып бес жылқышы жаман састы,
Төртеуі бейтке қарай тасқа қашты.
Біреуі жүгенді алып жүгіріп кеп,
Мінуге жайдақ тайға кеп жармасты.

Сойылмен сол жерде мен салып қалдым,
Білмеймін сол ұрғанда талып қалдым.
Куғыншы келсе кейін тәуекел ғой,
Айырып күші жетсе алып қалсын.

Оятып жылқышыны келдім шауып,
Қандай заман болар деп қылам қауіп.
Осы жерім өзіне мін секілді,
Айдал жүр Жұбай жалғыз сойыл алып.

— Арқалық, ақымақсың арындаған,
Орыны арам күштің табылмаған.
Куғыншы алдымызды орағытып,
Бір бөлек таң атқанда келер саған.

Айда енді малды айырып алғанынша,
Сор келіп қамап бірден қалғанынша.
Бұл жылқы енді бізге қайғы болды
Төреге аман-есен барғанынша.

Ұялып мен де кудым Көкжалменен,
Біз келдік Тасқияға сол жолменен.
«Сауға!» — деп Шатай, Тұяқ, Ситан келді,
Тұр екен қарауылда болжалменен.

Жұбай айтты: «Шатай, Тұяқ, Ситан аға,
Жылқы алдық иен жаткан барып малға,
Калжындал ем жай жатқан жылқышыға,
Қайта барып, хабар қылды амал бар ма.

Оттапай бұл жылқыны иіріндер,
Бара ма аман, бармай ма құдай білер:
Хабары жылқышының тиісімен
Күгіншы алды-артынан орай келер.

Деді де жылқы ішіне Жұбай барды,
Жанынан қайыс арқан шешіп алды,
«Аруағы атам қазақ қолдай көр!» — деп,
Ұстап ап көк қасқа тай айтып шалды.

«Ағалар сойыныздар мына тайды,—
Деп жолда жеуге етінен азық алды.
Сүйегін тасқа шығар садақаға:
Жем қылсын қарға, күзғын олар дағы.

Тынығып біз үйыктайық бір аз ғана,
Койындар дайын етіп асты және.
Таң шолпаны туғаннан оятындар,
Шұбатып шығарайық Тасқияға».

Бес бала елден шықкан біз бір ғарып,
Табаным жазым болса, кетер тайып.
Тынығып үйыктайық деп жата қалдық,
Шаршап кеп, сусындағық малта шайып.

Оятты таң таяна шолпан туып,
Түрекелдік, киініп, белді буып.
Көкжал мен Қөкшегірді отка койдық,
Ет жедік, тамақ ішіп, бетті жуып.

Ішінде бөрте айғыр мен бөрте бие
Жылқының бәріне олар болған ие.

Нокталап бұл екеуін ұстап алды,
Жұбай ер шалма салып бұл күйінде.

Бірінің қүйрығынан бірін байлап,
Жетекке, тақымға сап мұны жайлап.
Шұбатып Тасқиядан шығармақпыз
Үйірін көп жылқымен қосып айдал.

Жетектеп екеуін ап шықтым жолға,
Жылқы ерер алдында оның қара барда.
Аман-есен тар жолдан шығарып ап,
Айдатып қоя бердік аналарға.

Жұбай менен екеуміз кейін қалдық,
Кайынан тағы көстік қылп алдық.
Күгіншылар қамалып шықласын деп,
Жүктей-жүктей тастарды үйіп алдық.

Бекіттік Тасқияның тасын жиып,
Тас жыртып білектерге қандар үйып,
Күн бата Жұбайменен атқа міндік,
Жылқылар кеткен ізben шаңды үйіріп.

Біз келдік Шенгелді өзен түн болғанда,
Еру боп жатыр екен сол бір маңда.
Тамактанып, шай ішіп әл жидықта
Жылқыны айдадық таң ағарғанда.

Жұбай айтты: Тасқиядан шыға алмайды,
Оларға болмас мына жол қолайлы.
Күгіншы екі бөлек болып куса,
Алдымыз Айыркезең, соны орайды.

Жылқыны қуып бердік алға салып,
Калсақ деп жаудан соған бұрын барып.
Кезенге үш күн жүріп зорға келдік,
Жұбай кетті алдымен жолды шалып.

Сол жерде жирен тайды айтып шалды,
Болсын деп бізге азық осы тұста.

Бөрте айғыр, бөрте биені ұстап алды,
Бірінің құйрығынан бірін шалды.
Ертістен аман, есен енді өткенше,
Кинадық кеудедегі шыбын жанды.

«Ей, батыр, Қекжалменен суды жалда,
Ноктасын бөрте айғырдың қолыңа ал да.
Соңынан тықсыртайын жылқыны мен,
Ушеуің судан өтсөң жаңың олжа!»

Бұрынғы өткен салды тауып алдық,
Киімді, ертоқымды салға салдық.
Шып-шып бол Қара Ертіс ағып жатыр
Өтүге тәуекел ғып суға бардық.

Қекжалға желіп кетсе, жел жетпейді,
Дүниеден арманды бол кім кетпейді.
Сүйретіп екі жылқы суды жүзді
Қайықтай шоқтығынан бір кетпейді.

Ертістің өтіп шықтым ар жағына,
Бөрте айғыр, бөрте бие жар басында.
Сілкініп есін жинап кісінеген
Дауысын естіп, беттеді жылқы сонда:

Дуылдал, жылқы тартты бетін түзеп,
Қайықтай Қара Ертісті қаптай жүзіп,
Жылқы өтті, жар басында санап тұрмын,
Сегіз құлынды әкетті толқын үзіп.

Откіздік жылқыны Қара Ертістен,
Жұбай жалғыз суға сап жылқы өткізген.
Шатай, Тұяқ, Ситандар басын сақтап,
Салды сүйреп, ертоқыммен әрең жүзген.

Мен айттым тан атқан сон кетелік деп
Сол жерде жатып еру етөлік деп,
Жұбай айтты ей, батыр, қой жатпалық
Түніменен Киялыға жетелік деп.

Мен айттым, жау шапсада жетпейміз деп,
Барады үйқы қыстап, бойды билеп,
Жылқыны сендер айдаң жөнеле бер,
Қысылсан өртең түсте жетем ізден.

Үйқыдан жан болмайды шатылмайтын,
Кайғы көрсе, ішкен ас батырмайтын.
Жұбай айтты: «қауіп жер жатпа, Арқалық,
Жылғадағы жылында қосылмайтын.

Тіл алмай атымнан мен түсे қалдым,
Көкжалдың ертоқымын жұлдып алдым.
Көкжалмен өртең түсте табамын деп,
Ауырлап өне бойым жатып қалдым.

Көкжалдың шоқтығынан қантардым да
Желкомды жастық қылдым бас жағыма.
«Арқалық, куғыншыға ұшырасан
Айрылып қалдың енді амал бар ма?»

Жөнелді Жұбай сейтіп, аңша жосып,
Мен жалғыз жатып қалдым үйқы басып.
Түс көріп, түнде шошып ояныппын,
Дүрбітпен жатыр екем жағаласып.

Көрген түсім: жайқаппын онды-солды,
Жан болмас дүниеде біздей сорлы.
Түсімде белуардан отқа күйдім,
Шошынып бұл түсімнен болдым шерлі.

Аттанған сейсенбі күн жаман жолым,
Маңдайдан арылмаған қалың сорым.

Асып-сасып мен корқып түрекелдім,
Кан екен шынтағымнан екі қолым.

Көкжал түр жерді тарпып алпарысып,
Дүбір көрген секілді жанталасып.
Мініп ала жөнелдім желкомды ерттеп,
Жылқының сүртегімен шола басып.

Төртеуі де жатыпты көп ұзамай,
Өзен еді Құмдыбұлак-орман, тоғай,
Мен барсам төртеуі де жатыр жайрап,
Ұяласын ит сыйылды күрбым кимай.

Мен ояттым түрекел, Жұбай-ай, деп,
Неге жаттың бұл жерге ұзамай кеп.
Түс көріп шошып келдім жорышы сен
Ісімді оналта көр құдай-ай тек.

Аттанған сейсенбі күн жаман жолым,
Маңдайдан арылмаған қалың сорым.
Таң шолпаны туғанда ояныппын,
Кан екен шынтағымнан екі қолым.

Жұбай айтты осы түс жаман түс пе,
Кауіп қып мұны шошып, ойға түс пе!
Түсінде қорықкан, өнінде куанатын
Бұрынғы қазақ атан сөзі есте.

Арқалық, бір жаксылық жеткен шығар,
Басынан талай бейнет өткен шығар.
Түсінде белуардан отқа күйсен,
Әртегін пәле-жалаң кеткен шығар.

Сейсенбі Бейсенбіге ауған шығар,
Сәрсенбіде сәт болып түрған шығар.
Кан болса, шынтағынан екі қолың
Әжі төрең тойыма бие сояр.

Ат ертеп, мен мінейін жылқыны айда,
Ана үшеуін тез оят келтір мұнда.
Кауіп кып ол үшеуі шошып кетер,
Бұл сырды қапияда айтып қалма.

Жұбай сол сасқалактап атқа мінді,
Ана үшеуін оятып ем о да келді.
Бәріміз жылқыны айдал жөнеліп ек
Кейін қап, Жұбай маған жанай берді.

Арқалық, жастан шықкан сен бір ерме
Кейін қап, қарауылда биік жерге.
Үркітіп Қара Ертіске көзінді сал
Ешнэрсе, қаран-құран қөріне ме?

Боларын Жұбай білді бір сұмдықтың,
Шауып кеп Күмдышұлақ соған шыктым.
Өзіме көрген түсім қауыптанып,
Өрлете Қара Ертіске көзім тіктім.

Мал аман, басы түгел не біледі,
Кайғысыз кара суға семіреді.
Өрлете Қара Ертіске көз тастасам,
Бір тозан үш бүтін бол қөрінеді.

Атымды арқандадым қарауылдан,
Және тозан көрінді ұзағырак.
Әрі-бері қарауылдан отыр едім —
Мойнақтан шыға келді умак-шумак.

Ағаны іні көріп тәлім алмак,
Бойына ер қартайса, түсер салмак.
Қос-қос ат қызыл-жасыл күбір келен,
Суға кеп түсе қалды алпыс қалмак.

Түсे ғап аттарының ерін алды,
Тамак ішіп жүрге түтін салды.

Шұбап шықса, соғысам деп отыр еді
Сол жерде Жұбай-дағы келіп қалды.

— Шошығандай отырсың, батыр, неге,
Жылқының қоя бердім салып жөнге.
Қорғалап, қорыққандай түрін қалай,
Бір нәрсе ар жағында көріне ме?

— Эй, Жұбай, тілеуінді бердім,— дейім,
Жылқының бетін түзеп келдің кейін,
Бері кел, қарауылдан көзінді сал,
Шерігің алпыс дүrbіт келді дейім.

— Соғыссак бұлар малды айырады,
Еркін жетіп, көп батыр қайырады.
Мал айыртып, тырдай бол қайтып барсақ,
Және өлім, төре қатты қайырады.

Тәуекел ел кеткенше соғысалық,
Қайрат қып малды бермей, қарысалық.
«Батыр құны бір оқтық» бұрынғы айтқан,
Аянбай алпысымен салысалық.

Ай, батыр, атыңа мін, қаруынды ал,
Көрінбей жылғаменен ар жаққа бар.
Жылқыны бұл өзеннен шығарайық
Көрініп, жау мұнда деп, бір айғай сал.

Сонан соң апыр-тұптыр сасып қалар,
Жүгіріп жүген ала-ақ атқа барад.
Ертесіп, тұл аттарды мініп алып,
Жабыла бірден шығып сені қуар.

Шақырып мені сонда қасына алды,
Жанынан қайыс арқан шешіп алды.
Қауысқа садақ төтеп болады деп,
Екі арқан мықынынан орап шалды.

Жөнелдім бір жылғамен ар жағына,
Қасына жақын бардым Сұршаңышқа
Көрініп, ту көтеріп, жау мұндалап,
Жақын кеп айғай салды сол арада.

Мені көріп, айғайға сасып қалды.
Жабыла жүген ала-ақ атқа барды.
Аттарды апыр-тұптыр ерттеп мініп,
Қайқайып, маған қарай бәрі салды.

Таянған соң жөнелдім қорықкан бол,
Жылқы ізінен шықын деп қашыртқы ғып.
Бір мойнаққа шықтым да тұра қалдым,
Соғысып көрейін деп тәуекел ғып.

Ұйлығып олар-дағы тұра қалды,
Тобынан бір қара атты шыға қалды.
Колында көкала жақ кезең келді:
Жеке-жеке, қазақ! — деп айғай салды.

Мен тұрдым бір мойнақтан қарсы қарап,
Кезеді көкала жақ оқ сап қалмак.
«Тапжылма батыр болсан күшімді көр!»
Деп тартты дәл кіндіктен мені қадап.

Көзбенен көздеген оқ келіп жетті,
Тайдырып қайыс арқан төмендегіті.
Сүбемнен тайып тиіп, қалқан қылып,
Байпағым жылы қанға толып кетті.

Мен қаштым қорықкан бол ар жағына
Тигенін о да білді сол жағыма.
Ұзамай сексеуілге кіріп тұрдым,
Қуып келіп айқасты сол тағы да.

Найзаны о да салды, мен де салдым,
Менен бұрын бұғанамнан көсіп алды.

Екеуімізге бір өлім болды ғой деп,
Қанжарыммен милықтан беріп қалдым.

Домалап аттан түсті жерге барып,
Жөнелдім ат шылбырын іліп алып.
Біреуі әлгі жерде шауып келіп,
Жөнелді өңгеріп ап қайта салып.

Бір жерге кеп тұрып ем, үйме-жүйме,
Сар жарғақ, сары шалбар алтын түйме,
Бір жалғыз Қара ала атты тұра салды
Зәңгі¹ екен қызылтасты² тұтқан күйде.

«Кезек бер тағы қазақ, жатқызамын,
Кірісп қары жақтың тартқызамын.
Кісі өлтірдің, кетсөн де әзір аман,
Ежен ханның дәмін мен татқызамын».

Кашқанмен қояр емес, тағы тұрдым,
Өзіне қарсы қарап бетім бүрдым.
Мойнынан шаңырактай жағын алып,
Шіреніп дәл жүректен тартты зұлым.

Садағы дәлдеп тартқан келді жетіп,
Калғандай болды бейне казам бітіп.
Ажал жок, құдайымның сақтағаны
Кетіпті қалмақы ердің қасын жыртып.

Шошыған соң тағы да қырындастым,
Мен кіріп сексеуілге тізгін тарттым.
Коймады, қуып келді жана артынан
Амал не, қоян қолтық жағаластым.

¹ Зәңгі — старшын. Зәңгі — қызылтасты зәңгі, көктасты зәңгі, сарыстасты зәңгі болып бөлінеді.

² Қызылтасты — әскери шен, атақ, дәреже, мансап.

Канжарын шабайын деп алды қолға,
Екеуміз жағаластық онды-солға,
Канжарын қолындағы жұлып алдым,
Шапқалы қол көтеріп ұмтылғанда.

Көкжал ат қандай шапшан сырт айналды,
Сындырық салысумен көк найзаны.
Өзінін канжарымен шапты ғасқа,
Қан шапшып, тітіректеп құсып қалды.

Ат ойнап, жарқ етіп сол шыға шалды,
Ұмтылып әм ұстаптай қайта салды.
Сары жарғақ, сары шалбар, көкала жақ,
Қайта кеп тонап алдым, маған қалды.

Тонап ап және қашып дөңге шаптым,
Шулап кеп, тасын үйіп, арша жақтын,
Қара атты байлан салып Жұбай келді,
Тұбі қалай болар деп — мұным шақтым.

Жұбай айтты: күн бар ма Теленгітте,
Жолыктық не болса да бір бейнетке.
Құдай жазса, құл жылап көнер деген
Кісі өлімін айтпалық төрең итке.

Сол жерде отыр едік тағы келді,
Зәңгі еken өңгертіп ап қоя берді.
Біз-дағы аттан түсіп отыр едік,
Камалап түс-түс жактан тағы да енді

Жұбай айтты қолға түссек өлтіреді,
Өлгенше басқа бейнет келтіреді.
Ақыр өлдік соғысып жан қармайық,
Қолынан жалаңбұттың не келеді?

Деді де енді орнынан түрекелді,
Босқа өлмейік тәуекел енді деді.—

Соғысып жаудын бетін қайтармасақ,
Жалпылдақ қуа берер көбі деді.

Түйіп ап жал-құйрығын міндік атқа,
Белсендік белді буып, қанжар сапта.
Екеуміз екі жақтан кірелік деп,
Соғыстық онды-солды сол бір шакта.

Жүргенде біз соғысып екеу өлді,
Өзіме жеті жерден найза тәнді.
Жау қашты шыдай алмай әр-беріден сон,
Отырдық бір жотаға түсіп енді.

Кансырап Жұбай отыр, түрі жаман,
Құйқасы бір жак шеке салбыраған.
Жаным ашып құйқасы мен шекесіне.
Топырак сап, тартып қойдым сол арадан.

Жау дүрбіт жиылды ой сап алдағыға,
Өлгенін ап жіберді ар жағына.
Ішінен Көкала атты жалғыз шығып,
Жекпе-жек бізге келді сол тағы да.

Мен шаптым сыр білгізбей Көкжалменен,
Шыдамай қайта қашты жанжалменен
Бір шалып найза салдым жаясынан,
Көкжалға жеткізбейтін жануар екен.

Тастарға токтамайды, тым тамаша,
Қояндай арты биік, алды алласа.
Қызығып құып бара жатқанымда,
Артымнан Жұбай шапты жанталаса.

Таяп ем жетем бе деп кайқайыста,
Арқалық, деп шақырып осы тұста.
Ерінің қасын қырып жазып алты,
Тілмаш екен ол дүрбіт амал қанша.

Арқалық атың шыққан сен екенсін
Жылқы алып бір аз күндей елірерсің.
Қызылтасты зәңгі мен бесті өлтірдің
Есігін Ежен ханың бір көрерсің.

Деді де олар кетті осыменен,
Біз қалдық, жүре алмадық жараменен.
Жетелеп Қара атты алып суға келдік,
Жараны су-суғатташ тұніменен.

Тұнімен суда жатып есті жидық,
Қоржыннан алып келіп азық жедік.
Кісі өлгенін төреге айтпалық деп,
Қара атты жетелеп ап тұра міндік.

Жылқының ізіменен енді салдық,
Айналып қуғыншыға үш күн қалдық.
Бурыл тоғай, Қылдан көктей өтіп,
Қыран мен Кеміршекке жетіп бардық.

Жылқыны жатыр екен олар бағып,
Батырлар, айналдындар мұнша неғып,
Қуғыншымен соғысып бір ат алдық,
Олар да, бұлар дағы аман қалып.

Барамыз, ел ішіне енді келдік,
Бір-бір ат мінейік деп көніл бөлдік.
Ұстап бер Қекмойынды Жұбай маған,
Жолдыққа жануарды біз мінейік.

Жұбай айтты бедеу мін, мінбе мұны,
Қоя ма төре көрсе саған мұны.
Ат үшін қорғасын мен дуре жедік
Сенімен бірдей оған аттың құны.

Ұстап бер жануарды бір мінейін,
Қолымнан әл кеткенше жібермейін.

Ант етіп сол арада айтып едім,
Әкем Бөрібай өлсе де не берейін.

Сол жерде ұстап берді Жұбай маған,
Басқалар бие мінді тілін алған.
Басады үш аяқтап Қекмойын ат,
Мініп көріп сол жерде желқом салған.

Жұбай айтты: Шатай, Тұяқ, Ситан аға,
Қара ат ап біз барайық енді ауылға.
Сендер жай келіндер деп, жүріп кеттік,
Бір жалғыз келе жатыр тұмандата.

Турарап келді бізге сол арада
Тұйғын сап қаз бен үйрек жол араға.
«Батырлар, келдің бе аман, сауға» — деді.
Тұр екен Әжі інісі Тәти бала.

Сауға деп сұраған соң көніл бөлдім,
Атымнан түсे қалып сәлем бердім.
Ер болсаң тартуымды ұмытпассың деп,
Жақ пен шалбар, жарғакты соған бердім.

«Арқалық, дос болайын қолынды бер,
Жалғанда туда қалмас өзіндей ер.
Іші тар көре алмастың біреуі еді,
Төреге жол тартуды айтпаңыз сер.

Ұмытпаспын, өлсем өлдім, аман жүрсем,
Түбінде өкпелеймін төре десен!»
Қол алып, қол берістік уағда қып,
Қош айтып біз де кеттік жөнімізбен.

Ауылна Әжі төре келдік жетіп,
Қара атты жетелеп ап дөңгелетіп.
Төре, қара бәрі түгел тысқа шықты,
Батырлар кеп қалды деп дүрілдетіп.

Бәрімен амандасып елді көрдік,
Қандай заман болат деп көңіл бөлдік.
Қара атты босағаға жақын байлаң,
Төреге алдияр деп сәлем бердік.

Төре айтты: «Келдің бе аман, батырларым,
Бұрынғыдай Жұбайдай жоқ қой арын.
Малға мал алдындар ма аман-есен,
Айтындар, эй, батырлар, малдың санын?»

— Екі есе жүз жиырма мал алып едік,
Екі тай нәзір етіп жолда жедік.
Ертісте серіз құлын суға кетті,
Жүз онын аман-есен айдал келдік.

Келді жау Ертіс өтіп қуғыншылап,
Біз түстік қарауылдан Құмдыбылак.
Түсіріп ертоқымды бір ат алдық,
Жылқыға жібермедім алдын орап.

— Жақсы гой келгендерің есен-аман,
Келген соң теріс айтпан мен де саған.
Сүмірейіп Жұбай неге сөйлемейді,
Келген бе кісі өлтіріп, түрі жаман?

— Алдияр, төрем сөзі кекесін бе,
Уағдаңа өзің айтқан жетесің бе?
«Берсемде Сейілқанды сени бермен»,
Деп ең, бізben кісі өлсе бітесің бе?

Кекесен бізді бүйтіп, төрем, әлден,
Қызылтасты бесеу өлді зәңгіменен.
Ханым айтты: Батырлар, өкпелеме,
Сусын іш, бері келіп, сабырменен.

Төре айтты: атымды ертте, малын көрем,
Малға малды қосқызбай санын білем.

Кара аттың ертоқымы аппак құміс,
Қуанды көрген жерден Әжі төрем.

Жөнелді төреге еріп бәрі атана,
Біз де ердік қаламыз ба бой сактана.
Көкмойын ат баспады үш аяқтап,
Көбімен жүргеннен соң көбік шаша.

Төре тұрып қасыма жетіп келді,
Көрген соң Қөкмойынға көңіл бөлді.
«Әсеммен топқа мінер бір ат екен,
Қоя бер басқа ат мініп мұны», — деді.

— Ант етіп алып едім, сертім киын,
Мінуге жарайды деп жауға бейім.
Бір тайды төрем сұрап не ғыласын,
Әкем Бөрібай өлсе де не берейін.

Төреміз түсі сұық, тілден қалды,
Шұбатып келген малды санап алды.
Үйірін бөрте айғырдын бөліп алып,
Құлынды жиырма екі байлаң алды.

Ат, айғыр, бие санап жүйеледі,
Төренің тура келіп тілегені.
«Барған соң аттарыңды әкеп бер», — деп
Төртеуіне бір қотыр бие берді.

Жұбай айтты: Шатай, Тұяқ, Ситан ағам.
Төреге бой жетеме сый таңдаған.
Ушеуін сойып жендер семіз екен,
Келгені жаным аман олжа маған.

Жөнелдім үйіме тез кідіре алмай,
Қандай заман болат деп тубін ойлай,
Сары бөрте биені айтып сойдық,
Қазысын төрем жатыр қарыш-қарыш шайнай.

Мен жүріп Шарықтыға әзер келдім,
Егінші Шарықтыда жалғыз үймін.
Жотада отыр екен жапа-жалғыз
Құшактап, сүйді жылап әкем менің.

Сөйледім мен әкеме бастан-аяқ,
Бір бөтен сөз коспадым бұра-саяқ.
Айтудында бір мінің ұнамады,
«Қандай заман туғызыар!» — деді аяп.

Ай, ата, оның кім шыдар зардабына,
Басқанда жер қайысқан салмағына.
Төреден тағдырымды жазған болса,
Қайтейін, ілінермін қармағына.

Шыдамасқа амал жоқ қолдан келмес,
Бар Қерей бағынып түр бәрі тегіс.
Дүрбіттен бізді сұрап шерік келсе,
Ақ торғай алтын берсем алдық демес.

Сонымен екі ай жүрдік есен-аман,
Шошимын шырт үйқыдан түсім жаман.
Дүрбітпен жағаласып оянамын.
Болат деп, біз сорлыға қандай заман.

Бір күні жатыр едім біреу келді,
Жүрегім аттай тулап түрекелді.
«Ей, Арқалық, үйдемісің, бері шық!», — деп.
Шақырып ат үстінен хабар берді.

— Сен кімсің түнде журген жаным дедім,
Айт шырақ шақырғаның мәнін дедім.
«Бар болса үйде тірі алып кел», — деп,
Берген соң тере жарлық келіп едім.

Әкем Бөрібай шал айтты: — Балам, — деді.
Бір сұмдық болған екен саған деді

Жөнінді қайтып келіп білдіріп қайт,
Тағы да болды-ау киын заман,— деді.

Мініп ап Қекмойынды жүріп кеттім,
Тәтиге түн ішінде келіп жеттім.
Отырған мені тосып ханымымен
Ақпейіл ықыласына тағзым еттім.

«Ей, батыр, мен шақырдым келші бері,
Достықтың қол алысқан жоқ бір міні!»
«Уш дүrbіt, отыз шерік қалмақтан», — деп
Төрене ұлықлы хат бүгін келді.

Арқалық деген батыр баса-көктеп,
Дүrbіtten жылқы алыпты сан рет кеп,
Қызылтасты зәңгімен кісі өлтіріп,
Жаушыны найза астына жықкан бүктеп.

Колыңа үкілі хат барысымен
Ұстап бер Арқалықты жолдастымен,
Кідіртпей жазалыны жеткізбесен
Алдыма өзің кел тез жауабыңмен!»

Бұл бүйрықты көрген соң кеттім шошып,
Сендерді ұстап берер деп, зәрем ұшып.
Шақырттым саған ақыл салайын деп,
Жөн болар орыс еліне өтсөң қашып.

Арқалық, бұдан бөтен біз не дейік.
Соңыңан Жұбайды да жіберейік.
Каратай орыс елі саған пана
Осы ойға белді байладап тірелейік!»

Деді де ел шетіне алып жүрді,
Кайысып қабырғасы налып жүрді.
Бозайғырдың күмына келген кездे,
«Ертістен ат жалдап өт өзің деді!»

Мұтпайын өлгенімше досым, деді
Кол алып, қол берістік қошым деді.
Жұбайды жіберем деп қала берді,
Тәтимен айрылыстым осы жерде.

Сол жерде аласұрдым әкемді ойлаң,
Соғады әр тарапқа жүрек тулап.
«Жөнінді білдіріп кет!» деген еді,
Сорлы шал өледі ғой соры қайнап.

Қайтадан қара түнде үйге келдім,
Ойлаумен жан әкемді қайғы жедім,
Күйініп әкем сонда зар жылады
Осында қалмақ ізден келді деп өм.

Тәтидің мына сезі қызыл екен,
Деген сез орыс елі мақұл екен.
Жақсы ғой Ертіс өтсөң аман-есен,
Белінді осыған сен буып бекем.

Таң таяп қалған екен шықсам сыртқа,
Жөнелдім сол арада мініп атқа,
Ертістен өте алмайтын болғаннан соң,
Бекіндім аюлыға Сауыр жакта.

Көкмойынның ертоқымын жұлып алдым,
Оттасын деп аяғына шідер салдым.
Жантайып желқомымды үйықтай қалсам,
Дүрбітпен жағаласса-ақ айғай салдым.

Таң атып қалған екен туре келдім,
Атымды мінейін деп көніл белдім.
Карасам мойнак қырды асқан екен,
Сүрдектеп түсіп кеткен ізін көрдім.

Асты ұзын бұлақ екен кекжиекті,
Жүгіріп мен де келдім, зәрем кетті.

Алдынан алты қасқыр шыға келді,
Өзенге куып барып солар жепті.
Атымды жегізіп ап жаяу қалдым.
Күшақтап төрт сирағын зар жыладым.
«Ит сүрінсе үшке шейін» дегенге үқсал,
Отырмын бармақ шайнап, бар ма лажым.

Отырдым кешке шейін тау басында,
Жұбай жоқ ақылдасар жолдасым да.
Ертоқым, жүгенімді көтеріп ап,
Қайтып келдім Тәтиге жан досыма.

Ояттым тұсынан кеп дыбыс беріп,
Есік ашты әйелі түрегеліп.
Көкмойынды жегізіп жаяу келдім,
Ұзамай қырық тұсак, шерме толып.

«Әй, батыр, ренжіме қасқыр жесе,
Ауырлықты көтерер атың өлсе.
Жұбайды ұстап берді, дүрбіттерге,
Түн қатып тағы да қаш пәрменіңше.

Ей, қатын, жүк артына төсек салшы,
Тынығып, батыр, бүгін демінді алшы.
Бәйге күрең көбік атты байларатайын
Ертіс өтіп тағы да қармансанышы.

Мен жаттым жүк артына бекініп ап,
Ауыл жата жөнелдім а құдайлас.
Тәтен досым қасыма еріп жүрді.
Кош айтты ел шетіне шығарып сап.

Ертіске таңға таяу келіп жеттім,
Таба алмай аяқ өткел тентіреппін.
Әр жерге тал байлаташып, ат болдырып,
Ертістен таң атқанда әрең өттім.

Бір адам көрді ме деп жаман састьм,
Болдырған көбік атқа қамшы бастым.
Нағашым өгіз қара жаман еді,
Бекініп жатайын деп соған қаштым.

Нағашым жылап-еңіреп күтіп алды,
Атымды үйге енгізіп ерін алды.
Жиенім тұнге жастап кетесің деп,
Үйіне бекітіп-ап тығып салды.

Тұске таяу дәретке шығып едім,
Бір жайдак өгіз мінген мені көрді.
Танығандай болды да жүзін бұрып,
Жарық етіп өз бетіне жүре берді.

Жүгіріп үйге кірдім нағашыма,
Көрді деп айттым біреу мені осында.
Журегім өгіздіден тым шошып тұр,
Ұстап ап бекітейін соны мұнда.

Қас емес о да ағайын дейді бізге,
Ақтады айтпайды деп әлгі жерде.
Төренің тыңшысы еken хабар қыпты,
Қалмақ, қазақ жүз кісі келді лезде.

Ауылды шыр айнала қамап алды,
Арқалық қашқын бар деп хабар салды.
Нағашым ағайынды екі жаман.
Шақырып екеуін де ұстап алды.

Қашқынды сен тықтың деп ылаң сапты.
Корыққан соң келгенімді мойындалты.
«Арқалықты ұстап бер деп қинады,
Жиен-ау, қайтесін?» — деп маған айтты.

Мен үшін нағашыма күйме дедім,
Амал не, құрған торға кеп іліндім.

Қашқының мінекей деп бер колына,
Қаныма қан алайын ақыр өлдім.

Жөтеліп екі жаман алып жүрді,
Қашқының мінекей деп айғай тұрді.
Коранаң ортасына алып келіп,
Өздерің алындар деп қоя берді.

Камалап ұстауына батпай тұрды,
Қашпағанды заны жоқ атпай тұрды.
Тас қылып қол-аяғын байлап әкел,
Әйтпесе өзің жүр деп үрей қылды.

Сол жерде екі жаман жылап келді,
Көл қылып көздің жасын бұлап келді.
Байламасаң өзімді ап кетпекші,
Қайтем деп ақыл-кеңес сұрап келді.

Байлattым қол-аяғымды амал бар ма,
Коранаң домалатты ортасында.
Ұстаган отызшерік көбі қазақ
Жемтікті жеп өлді ғой құзғын-қарға.

Мінгізіп бір түйеге жайғап салды,
Астынан екі аяғым байлап алды.
Есіріп, ұстадық деп саусылдасып,
Әжі төрең алдына алып барды.

Әй, тақсыр, жібергенде не дедіңіз,
Мен үшін малдың қамын жеп едіңіз.
Малыма мал әкепсің, не берейін,
Сейілқанды берсем де деп едіңіз.

Төренің тұсі сұық көрінеді,
О баста бәріне де көніп еді.
Бас ұрып қандай жылап сұрасам да
Мелшип төмен қарап үндемейді.

Жарқырап ай астында жарық жұлдыз,
Жағалар жарда жүріп суды құндыз.
Сейілқанды берсем де бермен деп ен,
Дәл ененді ұрайын Эжі сұмпзы.

Деп едім әлгі жерде күйіп-жанды,
Мына залым не дейд деп ашуланды.
Кім кіргізді мұнаны тез шығар деп,
Тұрып кеп сар таякпен салып қалды.

Тәти дос көріп отыр мына мәнді,
Жүгіріп ағасына жетіп барды.
Мұны үрғанша жерді ұр деп, әлгі жерде
Колындағы таяғын жұлып алды.

Сүрелеп алып шықты әлгі жерде,
Құдайым кез келтірді мұндай күйге.
Астында шегелеулі Жұбай отыр,
Шегелетті мені де — әкеп бірге.

Кетіп ен мені тастап, батырым-ай.
Тілеп ем кетсе еken деп бір табылмай.
Сен қалсан ған мені әкетсе, орта жолда
Қалмас деп ойлап едім бір соғыспай.

Бармалық әділдіктің жүйесіне,
Жолықтық қандай жанның киесіне?
Ұр дегенге келмейді үрғанға күш,
Тенделдік жау дүрбіттің түйесіне.

Сол жерде екеумізді шегеледі,
Колынан түк келмейді Керей елі.
Бір түйеге екеумізді тенден тастап,
Эжі төрем мұләйімсіп қала берді.

Жөнелді отыз шерік байлап алып,
Шегелеп қол-аяқты жайғап алып.

Аз тап бұл Бұтакара — Каракаспен
Қош айтып, қала берді жылап халық.

Жөнелді бізді тенден Алтайды өрлең,
Түйе үстінде кеттік біз жылап-еніреп.
Сөтке сайын түйеден түсіреді,
Көтеріп сирағымнан етіп ермек.

Екі аяқ шылдырлатып кісіндеулі,
Екі қол біләзіктен шегендеулі.
Қара шай, сөткесіне бір тілім нан
Әйтеуір өлмесін деп нәр берулі.

Алтайдың Айыркезен асуы бар,
Кобдаға одан асып басуы бар.
Түйемен он күн жүріп Қобда келдік,
Сол жерге келіп жеттік еру болар.

Калмақ бір досым бар-ды Қарамерген
Есітіп бұл бір жайды мұнда келген
«Қайран ер сен де мұндай болдың ба?» — деп,
Көрісіп құшактады салған жерден.

Маған кеп әлгі жерде амандасты,
Шерікке жау әкелген қадам басты.
«Бір түнге Арқалықты кепілге бер?»
Деп мені әлгілерден сұрап апты.

Босатып мені үйіне алып келді,
Жақсылап төрге төсек салып берді.
«Тынығып, қайран батыр, бір түн үйкіта»,—
Деп семіз бір бағылан сойып берді.

Мен жаттым қой етін жеп, майға батып,
Үйкітадым, қол-аяқты созып жатып.
Таң ертең қалған етті тағы жылдытып,
«Ішіп-жеп, тынық,— деді — айран, қатық.

Бұғін жат, еру болса тағы тынық,
Келейін мен шеріктен жөнін біліп.
Куанып қайтып келді — еру бол — деп,
Әкелді бір еркек қой тағы сойып.

Түгел асып турады қуырдақ қып,
Тұздықтап қарынға етті түгел тығып,
Түйенің өркешіне таңып берем,
Екеуің же,— деп — күндіз азық қылып.

Апарып ертең берем тағы тынық
Арқалық ер едің ғой бұған шынық».
Ойладым бұғін қашып кетейін деп,
Батырдың байлаудағы атын мініп.

Жаттым да мен киіндім қапта тұрып,
Тындарым ояу ма деп жөнін біліп.
Қатыны байына айтты тындар жатсам,
«Мені қашып кетер!» деп қауіп қылып.

«Досым деп қайғырасың сөзін қостап,
Әкеліп салып қойдың үйге бостан.
Арқалық қашып кетсе қайтер едін,
Қазактың қалмайсың ба шоғын ұстап?»

«Ер кайда Арқалықтай ұрынуға,
Шіркіннің жан жетеме порымына.
Арқалық қашып кетсе жолы болсын,
Досымның өзім барам орынына!»

Ойладым жүргімнен жұлмайын деп,
Көнілімді жамандыққа бұрмайын деп.
Мұны есітіп шешіндім де қайта жаттым,
Әйелге ерді таба қылмайын деп.

Таң ертең тұра келдім үйқым қанып,
Шай іштім бетім жуып сыртқа барып,

Карамерген сөйлейді: «Ей, Арқалық,
Беремін шерікке енді сені апарып.

Осыдан сендерді алып ханға барап,
Дүре соғып сендерден сұрақ алар.
Өзінің қалмағына нанып отыр,
Бар шынынды айтпасаң қинау салар.

Шынынды айтсаң сөзге бәрі нанар,
Ол күні өлмейсіңдер, жаның қалар.
Ақбұрғылап мойныңа кісен салып,
Апарып темір үйге бөлек бағар.

Бір асыл кездігім бар мен соқтырған,
Қырық ошақтан қорытып құрыш қылған.
Темірді жайынша турал талқандайды,
Берейін кездігімді досым саған!»

«Әкел!» деп қатынына әмір қылды,
Қатыны кебежеден алып келді.
Сар пышақ жарқырайды асыл құрыш,
Мойындар сапыдан сұрып алып қойды.

«Табаныңың шұқырына мен салайын,
Желімдеп жарғақпенен жапсырайын.
Колың бір босайтұғын күнің туса,
Сонда ал табаныңнан, айттым жайын.

Тесесің темір үйді соныменен,
Қашасың іс оралса жөніменен.
Жаныңа сая болар бұл асылым,
Арқалық жан аяmas досым ең сен.

Желімдеп табаныма тығып берді,
Екі қондым шерікке алып келді.
Қош айтып Жұбайменен екеумізге
Әркешке қуырдақты таңып берді.

Ай жүріп алып келді Ежен ханға,
Жеті күн қамап қойды қараңғыға.
Аякта кісен, қол, мойын шынжыр бұғау,
Жауапқа алып кірді хан жамбылға¹

Отырған сұрақшы мен ханы қалмак,
Бас ұрдық Ежен ханға заны тайғақ.
«Арқалық қайсының» деп түрегелді,
Алдына тік тұрғызып алды сұрак.

«Дүрбіттен неше айдадың, неше келдің,
Өттің бе, шыныңды айт, түгел бәрін?
Шыныңды айтсан құрақ аз болады!» — деп,
Көрсетті кәрі күшті хан жарлығын.

— Жау болды кісі өлтірген қазак, қалмак,
Кедей ем, бол аттандым олжаланбак.
Екі кеп қырық-елуден жылқы айдадым,
Екі соғыста өлтірдім екі қалмак.

Бір атты бермедің деп Эжі төре,
Енді сен бармайсын деп соқты дүре.
Төренің зардабына шыдай алмай,
Жай жаттым бас айналып күнім көре.

Бір сиыр, бір жылқым бар, үйім жамау,
Жан сактап жата бердім жүдеу-жадау.
Бір күні, «Ей Арқалық, бері шық», — деп
Айғайлап маған біреу келді таяу.

Шошынып қаранғыда түрекелдім,
Жадағай жаман шекпен бойыма ілдім.
Эжі төре шакырады дегеннен соң,
Түн катып кідірместен сонда келдім.

«Арқалық, жау дүрбіттің қорлығы өтті,
Жылқыны таңдай тал түс дурілдettі.
Арқалық, осыған сен барып өзін
Малыма мал әкел», — деп әмір етті.

Аттандық жарлық қатты төре берген,
Серіз күн ұдай журдік күн-түнімен.
Дүрбіттен жүз жылқы алдық иен жаткан,
Айдадық күн-түн қатып соныменен.

Неше күн ұдай айдал Ертіс бардық,
Суына Қара Ертістің жылқы салдық.
Суынан өтіп тынығып жатқан кезде
Куғыншы алпыс кісі келді қалып.

Соғыстық біз екеуміз онды-солды,
Дүрбітке бұжолы да қырғын болды.
Кісі өлсе, өзім көрем деген төре,
Тырсып өзімізді күлкі қылды.

Жылқыны Эжі төре санап алды,
Үйірден бөрте айғырды айдал барды.
Мен бермедім атымды, басқасын ап,
Күлкінды отыз екі байлаап алды.

Жылқы әкел деп жіберген төрем еді,
Сендерді жауға бермен деген еді.
Жарлыққа сізден барған шыдай алмай
«Тұздыққа» бізді тартып шіренеді.

Отырған өңшең қалмақ басты-басты,
Қалмақша әзіл білем сөз қатысты.
«Кор болған қазағында батыр екен,
Әзір біз өлтірмейік!» — деп қайысты.

Дүренің астына алды мені бассап,
Құйрықты түріп ашты жалаңаштап,

¹ Жамбыл — хан сарайы, хан өрдасы.

Мініп ап бас-аяққа сонда шерік
Құлаштап алпыс қамшы дүре тастап.

Қылтаны қүйрықпенен тілімдеді,
«Алып па ең мұндай дүре бұрын?» — деді,
Киіндім түрекеліп амал бар ма?
Екі аяқ тәлтіректеп дірілдеді.

Жұбайға отыз қамшы сокты қатты,
Күйрықтан борағытып қандар акты.
Соққанда отыз қамшы сорлы Жұбай,
Тұралмай әлгі жерде бұран қакты.

Ақырдым, түрекелді, немене ұнар,
Бұл жерде жұмыс бар ма қолдан қылар.
Жұлып ап Жұбайды мен киіндірдім,
Бар ма деп әкең мұнда жұбандырар.

Сөйлесті бәрі сонда! «Ер екен деп,
Кор болып қазағында жүр екен деп.
Тағы сұрап қылармыз бұл екеуін
Бұйырды темір үйге сал бекем», — деп.

Ақбұрғы мойнымызға сонда салды,
Шеріктер темір үйге алыш барды.
Кіргізбей екеумізді айдал келіп,
Есікке тас қып мықтап құлып салды.

Кор болды біз сорлының ғарып басы,
Бір адам табылмады арашаши.
Сөткесінде бір әкеп берген тамак,
Күріш, нан, құр қара шай берген асы.

Кесу күріш, бір тілім нан жүрген кәсіп,
Темір үй, жамбасымнан тақтай тесіп.
Аяқ кісен, кол шеге, мойында ағаш
Осымен алты ай жаттық байладап нәсіп.

Тән тозып, сүйек қалды саудыраған,
Біз күйдік төре үшін барма шарам.
Кез еді жазғытұрғы «Арқалық!» — деп
Бір дауыс шыкты әйнектен айқайлаған.

Карасам қалмақ қызы жаудыраған,
Кигені өңшең торғын судыраған.
Келіп тұр терезеден күле сөйлеп,
Арқалық қайсының деп жөн сұраған.

Арқалық мен едім деп түрекелдім.
Сен бала кім едің деп сұрау бердім.
— Мен едім Ежен ханның кенже қызы,
Көруге сізді әдейі іздел келген?!

— Сен болсаң Ежен ханның кенже қызы,
Батты ғой жамбасымнан жердің сызы.
Хан соқса қайраны бар деген еді,
Шегеден атаңа айтып шығар бізді.

— Келмейді шығаруға әлім,— деді,—
Сізге Ежен ханның заны мәлім,— деді.
Басқа қайран сұрасаң қолдан келер,
Сөйлесең кемшіліктің жөнін,— деді.

— Егерде кемтарлықты біле келсөн,
Арманда кетемін ғой аштан өлсем,
Хан баласы екенсің қайратын мол,
Жалғанда ұмытпас ем азық берсөң.

— Сөзіңе олай болса, көңіл бөлем,
Екі күнге бір сиыр азық берем.
Шегеден аман-есен шыға қалсан,
Жамбыл бұзып сен маған келер ме едің?

— Табармын шыбын жаным аман тұрса,
Куатым кірер хан қызы мойын бұрса.

Жамбыл бұзып бармасам атым құрсын.
Темір үйден құтылар күнім туса.

— Ендеше орнымыдь айтам батыр саған,
Жамбылда өзіне әкем дүре салған.
Оң жағында қызыл перде шымылдық бар,
Көресің келе қалсаң мені содан.

Қош айтып хан баласы кетті жүріп,
Біз қалдық шыққандай боп аласұрып.
Жұбай айтты: «Әй, Арқалық, мұнша шаршап.
Нең бар ет кеткен жок па мазак қылып.

Арқалық, қайда саған азық бермек,
Еріккен хан қызына бұ да ермек.
Қазактың батыры деп естіген сон,
Сайқы қып саған келген қызықтап тек».

Сонымен жата бердік бұрынғыдай,
Бізді ұстап берген соң төре сұмырай.
Азық жок, аласұрып жатыр едік,
Бір қалмақ қатын келді жылы ұшырай.

Терезеден Арқалық деп айғай түрді,
Хан баласы деп саған азық берді.
Екі құнге жеткізіп жеп тұрсын деп,
Терезенің тесігінен тастай берді.

— Сиырдың етін түгел асып келдім.
Пісіріп мына қапқа басып келдім.
Сер деген екі құнге бір сиырды
Тапжылтпай қыз жарлығын алып келдім...

Деген соң бек қуандық әлгі жерде,
Жас ағып әл келеді екі көзге.
Жұбай айтты: «Арқалық, өлі балық
Өлмейтінге дейтүғын келді бізге».

— Эй, Жұбай, кеше сөзін кекесін бе,
Шартыңа маған айтқан жетесің бе?
Шикі жеймін демеп пе ең азық берсе,
Сертті бұзып жалтақ боп өтесің бе?

Жыласып үміт қылып ойға қалдық,
Аппақ май алдымызға үйіп алдық.
Пышақ жок, қол шегеде кесіп жетін.
Қасқырдай қой жолыққан басып салдық.

Күн ара сиыр еті келіп түрді.
Хан қызы бізге көніл бөліп түрді.
Тұлымшағы салбыраған бір қара қек
Кол ұшынан ет әкеліп беріп түрді.

Бір құні қасқыр талап олай-бұлай,
Шошынып түсім екен салдым ойбай.
Түсімді жолдасыма баяндағым,
Болды деп, бір жақсылық сорлы Жұбай.

Куанып ақбүрғы ағаш былай салдым,
Кездікті табандағы жұлып алдым.
Жұбай қолын босатып бұғауын ап,
Кісенді аяқтағы қып алдым.

Шерік келсе кісенді бос саламыз,
Үйді тесіп қашсақ деп ойға аламыз.
Кездікпен темір үйді тесіп алып,
Жылы жел, ай көргенге қуанамыз.

Куандық түнде шығып, а құдайлап,
Етке дейін азық алдық түбін ойлад.
Ақбүрғы мойнын қиған Жұбай ерім
«Қашалық!» — деді Арқалық енді аяңдал.

Мен айттым: — Кызға берген сертім қайда,
Кыз болмаса өліп ек әлдеқайда.

Алпыс күн отыз сиыр азық беріп,
Асырап бізді өлтірмей қосты санға.

Мен соған неғылса да барам дедім,
Кош айтысып рұқсатын алам дедім.
Кездікпен мен жамбылды тесіп түсем,
Ажал болса жамбылда қалам,— дедім.

— Эй, батыр, екі қабат темір есік.
Түсесің асыл бар ғой оған тесіп.
Күзетші неше жерден ханды бакқан
Барасың қызға сорлы қалай қешіп.

Өлсем де барайын деп түрекелдім,
Жұбай айтты: — Арқалық асыл ерім.
Ей, сорлы, бір өрлесең болмаушы едің,
Ойқастап тыңдасаңшы сөздің жәнін.

Болмасаң жүр жамбылға бір барайық,
Көріп пе ең үлкен көпір анғараарлық.
Ішке кіріп қуысына бекінелік,
Ертең бізді іздейді хабар салып.

Жер-көктің бәрін тінтіп таба алмайды,
Көпірді бекінет деп ойға алмайды.
Әпсәбі басылған сон соған бар деп
Сөзінен Жұбай шіркін бір таймайды.

Екеуміз түнде қашып көпір бардық,
Бекініп қуысына жатып алдық.
«Темір үйді тесіп, қашып кетіпті»,— деп,
Күзетші хабарлады ханға барып.

Хан жарлық берді тінт деп бәрін карап.
Астасқан адамдар бар сұрак сұрап.
Жамбылдан қалың әскер қаптап шыкты,
Отырмын бәрін көріп мен сығалап.

Таба алмай шерім қарап жамбыл келді.
Барып мен жамбыл бұзып болдым енді.
Менімен сені қоса өлтірер деп,
Көпірге кеттім байлан Жұбай ерді.

Кездікті алмас құрыш қолыма алдым,
Жамбыл тесіп, құлыбын жұлып алдым.
Ішіне қаймықпастан кіріп барсам.
Күзетші үйкітап жатыр байқап қалдым.

Эуелі Көкала атты алайын деп,
Кермеде тұрған атты табайын деп.
Тауып ап, қақпаға әкеп байлан қойып,
Бұрылдым енді қызға барайын деп.

Апарып сұрақ қылған жерге келдім,
Күзетші жатыр шерік соны көрдім.
Әпін жеп бәрі мас қирап жатыр,
Басып өтіп хан жатқан жерге келдім.

Есікten ептеп келіп көзім салдым,
Мас болып хан да жатыр сезе қалдым.
Ақ панар жарқырап тұр хан алдында.
Қанжарын бас жактағы қолыма алдым.

Хан оянып, «бұл кім?» деп тұра ұмтылды,
Мен Арқалық деп едім үні тынды.
Тырп етсең өлтірем деп тап бергенде,
Жым болып көрпе астына бұға кірді.

Қылышты жарқыраган қолыма алдым,
Қызды іздел жан-жағыма көзім салдым.
Көрдім де қызыл торғын шымылдықты,
Іркілмей қызына кіріп бардым.

Ояттым ханышаны мен келдім деп,
Кол ұшын тар қапаста сен бердің деп,

Кыз маған амандасты риза болып,
«Мен сені қас батырға теңгердім» — деп.

Өлімге жан қалар ма қарсы шаптай,
Хан бұқты көрпе астына басын сақтай.
Қанжарды қолыма алдын тұсындағы
Хан қалды маған батып бір сөз айтпай.

Арқалық еңіреген мен бір ермін,
Астында елім жатыр асқар белдін.
Алпыс күн азық берген хақынызға,
Сезімді жұтбайын деп саған келдім.

«Мен сені шақырғам жоқ тиейін деп,
Дінімді бұзып сені сүйейін деп.
Атам сені алытай ер деп еді,
Сынадым айтқан сөзін білейін деп.

Арқалық, бәрекелде ер екенсің,
Көргейсің ерлігіннің берекесін.
Тепкенде темір үзер батырым-ай,
Кор болып қазағында жүр екенсің!»

Сегіз кез жол болсынға торғын берді
Колдасын деп тәңірің сендей ерді.
Майға илетіп пісірген бір тұлып нан,
Соны алып аман-есен жөнел деді.

Қош айтып ханышамен жыла бастым,
Ас үйге кіріп келіп есік аштым.
Нан алдын, қазанда тұр ыстық күріш,
Салып ап бір кателмен алға астым.

Қақпада Қекала ат тұр қойған байлад,
Жөнелдім байлад кеткен Жұбайды ойлад,
Байлаудан көпірдегі босатып ап,
Жөнелдім ол арадан «а құдайлап»,

Көшеден біз де шықтық жың атылды,
Барабан қағып жамбыл шулатылды.
Келеміз Қекала атқа міңгесіп ап,
Жануар алып ұшып ырғатылды.

Таң ата шәһәр шетіне біз де шықтық,
Алуға серуленіп аттан түстік.
Күріш жеп бір азырақ әл шақырып,
Алған соң ымырт түсе тауға жеттік.

Бір шатқа кеп бекіндік түнде жатып,
Сарғайып қалған екен таң да атып.
Жұбайдың ақбұрғыдан мойны жара,
Сарнайды ол қатты жүрсе ірің атып.

Бекініп, күндіз жатып, түнде жүрдік.
Он күн жүріп, құла дүз иенге кірдік.
Бой кеңіп үнемі алға жылжуменен
Тал түсте біз бір занғар тауға келдік.

Отыр ек қарауылдан тау басында
Бәктерлеп біреу басты бізге асыға,
Келейін дедім оның атын алып,
Жұбай: «Әй, отыра тұр сен осында».

Мініп ап Қекала атпен жетіп бардым,
Қалмақты батырсынған зекіп қалдым,
Кап бәлем, жатқызармын жерге бүктеп,
Дедім де қылышпенен салып қалдым.

Атының басын іркіп тұра қалды,
Адам деп мені ойна құрамады.
Шап беріп жауырыннан жұлып алып,
Қөлденең ер касына бүге салды.

Жетектеп Қекала атты жүріп кетті,
Алдына мені өңгеріп селкілдепті.

Ердің ері тақымға басад деуші ед,
Басыма келді ғой деп күлдім кекті.

Күлгендे қалмақ кенет тұра қалды,
Басын шайқаң, мойнын маған бұра қалды.
Өлімге келген адам қуле ме деп,
Алдынан алып жерге қоя салды.

Кәпесіз әлгі жерде аттан түсті,
Қорқатұғын ер емес тым-ақ күшті.
«Атың жайдак, ерің жоқ есірмелі,
Күып жүрген қазақсың қандай істі?»

— Мен қазақпын, Арқалық атым дедім,
Төренің Төленгіті затым дедім.
Әжі төре дүрбіттен жылқы алдырып,
Ежен ханға ұстап берген тартуы едім.

— Арқалық есітуші едім мен де сені,
Кіңі өлтірген кінәңа хан не деді?
Атым Қонқа қалмақтың батыры едім,
Сенімен сөйлесейін мен де шынды:

Өлтіріп неғылайын, ер екенсін,
Ханнан қашып, жаныңды ап жүр екенсін.
Қызығып атыңды алсам екі адамсын,
Елге жетпей екеуің жолда өлерсін.

— Эй, Қонқа, батыр болса затың қалмақ,
Жан келді, арып шаршап түсіп салмак.
Жолдасым далада отыр жаяу қалып,
Болып едім төңкеріп атыңды алмак.

Елім Керей әлі алпыс айшылық жер,
Көрген адам өлтірмей неге ескерер.
Тірі барсам батыр мен ұмытпайын,
Ер болсаң жаяу қалып атыңды бер.

— Жақсылыққа жақсылық әр кісіден,
Жамандыққа жақсылық ер кісіден,
Әй, шіркін, жеңіп айтсаң ер екенсін,
Берейін жаяу түсіп атымды мен.

Тақымға жастан басқан тұлпар еді,
Шапқанда құс қалдырған сұнқар еді.
Еліңе аман барсан, әй, Арқалық,
Атымды осы құзде қайтар! — деді.

Азығын алдыма әкеп тоса берді,
От жақ деп шақпағын да қоса берді.
Үш күндік қоржын толы азық алып,
Дос болып құшақтасып жаяу жүрді.

Қонқанын тұлпарына мініп алдым,
Жетелеп өз атымды қосарға алдым.
Бейшара, тауда отырған Жұбайыма
Куанып әлгі жерде жетіп бардым.

Қуанды, а құдайлап, Жұбай жылап,
Барғанда қалмап па едің аттан құлап?
Қалайша атын алдың ол кім екен?
Ұқтырышы, деді оның жөнін сұрап.

Жұбайға түсіндіріп айттым бәрін,
Батырға жетпеді деп менің әлім.
Салғанын атка өңгеріп қаңбақтай ғып
Шылбырын атының да қолға алғанын.

Элімнің жоқ екенін сонда аңғардым,
Күшине сол қалмақтың мен танқалдым,
Ердің ерін көрсөндер тақымында
Дегенді сақ-сақ құліп айтып салдым.

Сол жерде тізгін тартып тұра қалды,
Көтеріп мені алдынан қолына алды.

Коя сап өз жаңына адам демей
 Атынан сонда жерге түсे қалды.

 Келе сап қанжар салдың өзің деді,
 Амал жок, кімсің, үлкен сөзің деді.
 Үрысқанды айтпа, құлгенді сұра деген,
 Сен өзің қай қазақсың жөнің деді.

 Соңан соң жөнімді айттым бастан-аяк.
 Қамықты, басын шайқап мені аяп.
 Өзің кім деп мен-дағы жөн сұрап ем,
 «Қоңқа батыр мен,— деді затым қалмак»

 Эй, Қоңқа жаяу қалып атынды бер,
 Егер де батыр болсаң сен кеменгөр.
 Екеу ара жалғыз ат деп жалындым,
 Елге жетпей өлеміз ғой айшылық жер.

 Ер екен жаяу қалып атын берді.
 Коржынын, бақыр, шақбак отын берді.
 Үш күнде жаяу үйге жетемін деп,
 Дос болып мені еркіме қоя берді.

 Бәрін есітіп жылады Жұбай сонда,
 Эй, шіркін, ер екен ғой толған сынға.
 Жарам жаман жетем бе, жетпеймін бе?
 Қоңқаны деді өлгенше сакта ойында.

 Жұбай ер Қаракерге мінді жайлап,
 Кілем сап Қекала атқа міндім жайдак.
 Бізбен жау дүrbіt қалмак жер шегіне
 Біз шерлі азар жүріп жеттік айлап.

 Бір жерде тарлан ат түр еріменен,
 Жұбайға айттым жүре бер жөніменен.
 Салақтап екі аяғым жүре алмадым,
 Ана атты әкеп, мінейін ебіменен.

Жүгіртіп Қекала атпен жетіп келдім,
 Иесі бар шығар деп көніл бөлдім.
 Үзенгіге келген атты атайын деп,
 Сығалап жатыр екен байқап көрдім.

 Түсे ғап айдарынан үстай алдым,
 Мен ғой деп дәл басына қанжар салдым.
 Әлтіріп, дүrbіt екен аңға келген,
 Тарланға ертоқымды мініп алдым.

 Тарланға мініп шаба жөнелгенде,
 Мергендер әр бір жерден түре келді.
 Қалмақшылап жау дүrbіt айфайлап ед,
 Тарлан ат төрт тағандап тұра қалды.

 Ыза бол сонда үстінен түсे қалдым,
 Орайға қанжарменен біr-ақ салдым.
 Әлтіріп қу Тарланды таstadtым да,
 Кайтадан Қекала атқа мініп алдым.

 Мергендер тұс-тұс жақтан мылтық атты,
 Оқтары қашсам-дағы келіп жатты.
 Атыма астымдағы оғы жетіп
 Көлденең қос өкпеден тиді қатты.

 Жығылды оқ тиген соң омақа асып,
 Жүгірдім аттан түсे жаяу қашып.
 Жапсарлап біr жар тасты паналадым,
 Жұбай ер сонда жылап келді сасып.

 — Калым аз, жарам жаман жүре алмаймын...
 Құтқармас мінгескенмен, жауың дайын.
 Қарайлап мені қимай, мерт боларсың,
 Арқалық, мына атқа мін мен қалайын.

 Сен құтыл, мен қалайын осы жерде
 Кегімді аларсың сен барсаң елге.

Каныма қан аларсын мына жаудан,
Бәрі кеп мені өлтіріп жатқан кезде.

— Атыңменен жүре бер қылма қауіп,
Жаяулап құтылармын ебін тауып.
Ұялас ит секілді, құрбым Жұбай,
Тастамаспын алмаса ажал тауып.

— Кимағаның болмайды, құрбыжаным,
Жүрерге болар емес тіпті халім.
Жалғыз едім, жайрадым төре үшін,
Сәлем айт ел-жұртysma түгел барын.

Катыным екі қабат қалып еді,
Ұл туса Жәдігер қой атын деді,
Қызы туса біреуменен күнін көрсін,
Өшкен соң акыр менің атым деді.

Жау келіп сонда үстімнен тау құлатты,
Аттан деп Жұбай мені қалжыратты.
Құлаған тас соқпады тұра қаштым.
Мен қашқан соң Жұбайға жабырласты.

Біреуін үрдys Жұбай таспен басқа,
Домалап кеп жығылды сонда қасқа.
Төбелеп бәрі жайдай түскеннен соң,
Жан берді қайран Жұбай амал қанша.

Мен сорлы мұны көріп шыдамадым,
Тұлпарға әлгі жерде қамшы салдым,
Жұбайды итше көріп жатқан жауға
Тидім де тұс-тұсынан қанжарладым.

Өлмегені қашты енді тауға карай,
Қанжарға осқылаған шыдай алмай.
Жау кетті аттан сонда түсе қалып,
Өлдің деп зар жыладым қайран Жұбай!

Күшактаң өлігін тек жылай берем,
Серендең үшеу жатыр қоныркерден.
Қайран дос, жан жолдасым айрылдым деп,
Зар жылап бірге жаттым түніменен.

Қанжармен таң аткан сон қабыр қаздым,
Айрылдым жолдасымнан барма лажым,
Өзімнің білгенімшe жаназа оқып,
Басына жүктей-жүктей тас қаладым.

Жөнелдім айрылдым да жылап-жылап,
Сиынып бір құдайдан жәрдем сұрап.
Белгі етіп бір шоқыға тасты жидым,
Тұлпардың жүрісіне дәтім шыдал.

Ай жүріп аман келдім керейлерге,
Алтай, Сауыр, Ертіспен қайран жерге.
Шарықты деген жерде тасты Тоспа
Сол жерде салықшыға келдім түнде.

Салдыртып Тоспадағы елге келдім,
Кір жуып, кіндік кескен жерге келдім.
Оңаша бір қара үй тігулі тұр,
Үңіліп есігінен көз жібердім.

Тұырлық қара құрым тұрған құрып,
Есігі бір жапырақ койған түріп.
Үңіліп көзім салсам шал Бөрібай
Өз әкем отыр екен отты сырып.

Көрген соң шыдай алмай қарғып түстім,
Әкемнің дауысым шықпай қолын қыстым,
«Төреден корықпай келіп сәлем бердің —
Деді әкем — жалғызымыңың досымысың?

— Ай, ата, жалғызыңды танымадын
Мен Арқалық балаңмын соры қалың,—

Дегенде бассап сүйді әкем жылап,
«Сені ойлап қаусадым,— деп,— балапаным!»

Тұскі мал сауып жүрген жалғыз бала
Әйелім келді жетіп ести сала.
Шуылдаш құшып-сүйіп мауқын басты
Куанды көріп аман, естен тана.

Аздан соң есім жиып мен жайландым,
Кара үйге халқым көрдім жиналғанын.
Жұбайдың әйелі кеп: «Құрдасым-ау,
Жолдасың қайда қалды?» — деп зарланды.

Бере алмай бұған жауап әлім кетті,
Естірту қандай қын қалың дертті.
Бас салып бір аз жылап көріскеңде,
Тұра алмай, қайғы мендең әлсіретті.

Жұбайдың әйелінің жылағаны

— Құрдас-ау, қайда құрдасын,
Жасынан құрбы сырласын?
Жарты құрт болса, бөліп жеп,
Бір өлем деген мұндасын?!

Калды ма қаздай адасып,
Жүруші едің жарасып.
Қалың жаудан кайтпаушы ең,
Тізе қосып ұнасып.

Жолда өлсе, қолдан қойдың ба,
Калмақтың жауы сойды ма?
Далада калып көмілмей,
Көздерін қарға ойды ма?!

Өлімнен адам құтылmas,
Ажал жетпей тұтылmas,

Құрдасының қайғысы
Өлгенше бізден үмтыйлmas.

Жасынан көрдім жетімдік,
Жоқ болды ғой, ол кімдік:
Өз ісім менің қате екен,
Бармақ шайнап, өкіндік.

Қурдас-ау, сенен сұрадым,
Шыдай алмай жыладым.
Қурдасың жоқ жалғыз кеп,
Таусылғандай лажың.

Көрісті жарын жоқтап өксіп жылап,
Жұбайдың қаза тапқан мәнін сұрап.
Қарақас, Ботакара, Салықтыға
Калдырмай уақыфанды айттым сырлап.

Кайғырды Ботакара бәрі жылап,
Тамсанды ерлігінің бәрі ұнап.
Жұбайдың қанына қан аламын деп,
Тереге басым бәйге тіктім шыдалап.

Бәйметей Салқыда үлкен ақыл қылды,
Жиылып Ботакара кенес құрды.
Танытамын бейсенбі күн біліп алдып,
Екі елдің бәтүесін күтіп тұрды.

Білгізбей Арқалықты жасыралық,
Күндіз тығып, түнде әкеп асыралық,
Бәйметей мен барайын, біреуін ер,—
Деді — ақыл екі биден біз сұралық.

Бәйметей осылай деп биге кетті,
Мен жүрдім жасырынбақ ойнап епті.

Жұбайдын әйелі кеп ақыл сұрап,
Жұбай маған не айтты деп кенес етті.

Жолдасын Жұбай саған сәлем деді,
«Жалғыз ем!»— деп артына елендеді.
Сүйген жар екі қабат қалып еді,
Ұл туса, бақсын деді де емренінді.

Кыз туса, ерге тисін күнін көріп,
Ұнасар сүйгеніне өзі біліп,
Ұл туса, Жәдігер деп атын койсын
Асырап деді сені мейірін төгіп.

Ұл екен атын қойды Жәдігер деп,
Мәпеледі мейірге ана бөлеп.
Жұбайдың айтқан сөзін бұлжытпастан
Күн көрді маған олар иық сүйеп.

Бәйметей екі биге барып кепті,
Ақыл сұрап ақылын алып кепті.
Төреке амандаса біз барамыз,
Кідірмей Арқалық та жетсін депті.

Ауылға шауып келіп ұран салсын,
Есігін наизаменен турап салсын,
Жұбайдың кегін өлген аламын деп,
Канжармен босағасын бірер шапсын.

Бір өлім ханға наиза саламын деп,
Қанға қан Сейілқанды жарамын деп,
Қалмаққа тағы байлан бересің сен
Канымды оған шейін аламын деп.

Астыртын бұл ақылды Бежең берді,
Төренің ауылышын олар келді.
Конқаның Қарагерін мініп алып,
Ту алып ер Арқалық жалғыз жүрді.

Төреке Керей келді басын құрап,
Бәрі кеп төресінен ақыл сұрап,
Тере мен қызылтасты тағы да отыр,
Қауіпсіз бұрынғыдан басын бұлдан.

Тал түсте айқайлаған дауыс шықты,
Бір жігіт асып-сасып ханға зытты.
Қолында ту, ұран сап ер Арқалық
Айқайлад келіп түр деп хабар етті.

Бежең айтты: «Арқалық қайдан келсін,
Өлтірмей қалмақ неге қоя берсін.
Аққу тиғен дуадақ айғайлағыш,
Сол шығар»,— деп, сөйледі Бежең шешен.

Сол кезде төре үйіне шауып келдім,
Есікті наизаменен түре бердім.
Төре қайда қан қылып өлтірем деп,
Босағасын төренің тілгіледім.

Керейден төре көнілі сұып кетті,
Ұран сап Керей үйден шығып кетті.
Төре шошып, Арқалық өлтірет деп,
Астына жүкаяқтың кіріп кетті.

Ел бөгеп мені сонда жібермеді,
Ұста деп Бежең жылдам тұра келді.
Төрені шауып жатыр дегенді есітіп,
Жан досым алып-ұшып Тәти келді.

Тәтекен келісімен ақыл бөлді,
Сөйледі женгесіне мына сөзді:
«Бір түйенді алдырып, бір кілем жап,
Жүр екеуміз баралық батырға енді.»

Кара нарға кілемді жауып салды,
Сусын алып женгесін ертіп алды.

Дос еді Тәти төре құшактасқан,
Аттан түсіп алдынан күтіп алдым.

Екеуміз Тәтименен құшактастық,
Жас ағып көзден мөлдір бүршақтасты.
Сузын беріп, батырым, ашу бас деп,
Достықпен Тәти төре жөн сұрасты.

Сейледім Тәтиге бар көргенімді,
Кор болып, жолда Жұбай өлгенін де.
Жұбайдың қанын алмай токтамаймын,
Сейілқан бізді салған сергелденге.

— Ей, батыр, қанды қанмен жумайтұғын,
Бежен мен мен ақылға бұлдайтұғын.
Берейін Бежен айтсын мұнын жөнін,
Билігін ешкім сынап бұзбайтұғын.

— Жәрәйді қалауынды бердім,— дедім.
Белгі алмай үйде мынау мен кірмеймін.
Бежене Тәти мұны баянdap еді,
«Он екі белгісін бер ердің!» — деді.

Төреден үй тігілді Керей түсіп,
Он екі белгі берді алға тосып.
Ердің күны екі жұз жылқы еді деп,
Билігін айтты сонда Бежен кесіп.

Елу бесті төреге жолға кешсін,
Елуін басқа Керей тілім етсін,
Қарақас, Ботакара иесі ғой,
Жұбайдың күнын алып о да бітсін.

Бұл жұмыс екі күнде тынсын — дейді
Өшікпей батырың кеп сүйтсін — дейді.
Қалмақ іздел алам деп тағы келер,
Арқалық жанын сактап кетсін,— дейді.

Төремен осылайша бітім болды,
Жұбайды ойлап, жүрекке қайғы толды.
Найын¹ тартып қыздырып отырдым да,
Санына Сейілқанның басып алдым.

Ұстап ап Сейілқанға салдым таңба,
Жұбайдын каны бітті деп ойымда.
Бәйметей бұны есітіп айтты маған
Арқалық Конқаға кет, тұрма мұнда.

Тұлпарын апарып бер сөзін жұтпа,
Қалмақ келсе, іздетер жалпак жүртқа.
Ер екен шіркін Конқа атын беріп,
Бұл жұмыс не болар деп ақыл сұра.

Косарға таңдал тауып бір ат алдым,—
Конқаның Каракерін мініп алдым.
Жұбайдын басына кеп бір күн түңеп,
Айрылған Конқаменен жерге бардым.

Сонан соң Карадонғал тауға келдім,
Далаға таудан түскен түйе көрдім,
Бір бала жур далада түйе жайыш,
Жөн сұрап, қасына кеп «сен кім?» — дедім.

Бала айтты; «Мен қалмаклын түйе жайған,
Конқа батыр түйесі, болма қайран,
Атын танып, сұрауға батпай тұрмын
Айтыңыз, кім едіңіз, жөнің қайдан?»

«Жөнімді айтсам батырдың досы едім,
Таныдың, достың аты осы дедім.
Батырдың бұл күндерде өзі қайда?
Қарағым, білсең маған айтшы»,— дедім.

¹ Най.

«Батырың үйінде деп берді жауап,
Той қылып күндіз-түні жатыр дулас.
Жұз үйді көшіріп кеп ханнан бұзып,
Сауық-сайран құруда неше ғажап!»

«Хабар бер мен тұрайын түйе бағып,
Келді деп Конқа досқа ер Арқалық.
Басқаға айтпа, батырдың өзіне айт» — деп,
Жұмсадым түйешіні қолқа салып.

Түйеші Конқа кетті қайта шауып,
Батырға кеп білдірді ебін тауып,
Арқалық деген қазақ досыныздан
Мен сізге келдім деді хабар алып.

Жөнелді батыр есітіп атқа міне,
Сайлауыт саулап шапты қалмай бірге,
Түйе жайып Арқалық отыр еді,
Конқа келіп көрісті әлгі жерде.

Атының құшақтады мойынынан,
Тұлпары кеп кіре кетті қойынынан.
Арқалық, разымын үйге жүріп,
Тілеулі тамак іш дед біздің тойдан.

Аулына сауылдастып ертіп келді,
Қалмақтар таңырқасып мені көрді.
— Ханменен қарсы келіп ерегісіп,
Әкелдім жұз үй қалмақ елді,— деді.

Атымды ер екенсің әкеп бердің,
Арқалық, бастан-аяқ бәрін білдім.
Жолдастың жолда өлсе, қаза шығар,
Төреңнен күн алыпсың тауып жөнін.

Арқалық, тында біраз ақыл салам,
Төреңің бас өкпесі бір ат саған.

Төреңе келер сені тауып бер деп.
Басыңа түсер сонда ақыр заман.

Халқымен қарсы болған хан ақымақ,
Ханымен қарсы болған ер ақымақ.
Жорға-жүйрік таңдаулы он ат беріп,
Еліңе жүргізейін жолынды тап.

Бір жорға ат төреңе тарт өкпелеген,
Татулас тілімді алсаң төреңменен.
Сен жалғыз, түк бітпейді ерегестен,
Көнілін тап, жан сақтап, ебіңменен.

Құлак түріп жатайын қалмақтарға
Шықса іздеуші барайын Сауыр тауға.
Тағы да ұстап берсе, жолын тосып,
Соғысып айырайын барып жауға.

Сауыр менен Сайқан тау бәрін білем,
Сайқанда он кіслік үңгір көргем.
Бекініп сол үңгірге мен жатайын,
Қүйің келсе, сен тілдес сол үңгірден,

Бір атты ақыл айтқан биге берсөң,
Өз тұлпарым берейін өзің мінсөң,
Жұбайдың бейітіне соған шейін,
Бала батыр жеткізер сені есен.

Он күнде бірге болдым досымменен,
Коштасып ақыл айтты мәні терең.
Жұбайдың бейітіне әкеп салды,
Айдасып бала батыр қосымменен.

Кош айтып бала батыр кетті сонда,
Конқаңың атын беріп келдім мұнда.
Ат тартып, кемшілікпен жаным үшін,
Табыстым төре сүммен ақырында.

Уш айдан соң қалмактан шерік қелді,
Байлаулы бала құстай мен бір шерлі.
Сауырға келсем жетіп уағдалы,
Алдында көрдім түрған Конқа ерді.

Шерекке тәре-қара былай деген:
Талығып жолда өлді Жұбай деген.
Арқалық аштық етіп мұнда өлді деп,
Біреудің көрден алып басын берген.

Көрсетті Жұбай көрін ел боп барлық,
Басты алып кетті шерек деп Арқалық.
Екеуміз Конқаменен Садыр тауда,
Сау қалған қуанышқа той жасадық.

Жәніне кетіп қалмак, аман қалдым,
Конқаны — батыр досты қасыма алдым.
Екі батыр бас косып Алтай, Сауыр
Жер шарын батырлықпен арададым.



ШЫНТАС
ҰЛЫ
Төрекан





m

емірхан деген айбарлы хан болыпты. Темірхан Нұрадын ханың Сәуле сұлу деген қызын алады. Сәуледен көпке дейін бала тумайды. Дүниеден перзентсіз өтемін бе деген қауыппен Темірхан Түркпеннің Қараман деген ханының Қараашаш деген қызын елшілікпен кішілікке алады. Қараашаштың нағашысы Коңырбек деген хан begісі қалмақ екен. Қараашаш түскен жылы төсегімен көтеріп ұл туады. Артынан жалғасы болар ма екен деп, ұлдың атын Егізбай қояды. Егізбай екіге келгенде Қараашаш тағы ұл табады. Мұның аты Сегізбай болады. Темірхан Егізбай, Сегізбай мен Қараашашқа арнап, байырғы шаһарынан күншілік жерге салтанатты сарай салдырады да, өзі екі балаға қарайлап, Қараашаштың үйінде болады. Сәуленің ордасына айда, аптада бір келетін болады. Хан келмегесін Сәуле: «Қараашаштың өзі өзімнен, тұқымы тұқымынан артық емес еді, мениң төркінім хан Нұрадын еді де, оның нағашысы Коңырбек деген қалмақ еді. Менен ханды аударып кеткен екі баланың қызығы-ау» деп зарығады да қамығады. Сөйтіп жүріп, қырық тоғызға шыққан жылы Сәуле жүкті болып, бір ұл, бір қыз егіз бала тапқан. Ұлдың атын Төрехан да, қыздың атын Ханбибі қойыпты. Қызық дәүірде жүріп, бір күні Темірхан ауырады. Сәуленің ордасында жатып, Темірхан сол аурудан дүние салады.

Халықтың кәрі-жасы: «Ел тірегі — хан еді, тірексіз ел болмас, хансыз түру жөн болмас» — деп, кімді хан қою жөнін сей-

леседі. Бұл кезде Егізбай жиырма үште де, Сегізбай жиырма бірде еді, ал ханның кенжесі Төрекан он тоғыз жаста болатын. Экесі өлген кезде Егізбай мен Сегізбай дауға барса, дауды алған, жауға барса, жауды алған белгілі ер-азамат еді. Төрекан еркелікпен ештегеге қатыспаушы еді. Хандық жайын сөйлескенде, әрі жасы аға, әрі ісі аға, кемдігі жок ер, міні жок шешен Егізбайды таққа отырғызуды жастар қолдаған екен де, кариялар: «Хан болу Егізбайға жол емес, оның түп нағашысы қалмақ еді, Төреканның нағашысы хан, Нұрадын текті еді, хан тағы Төреканға лайық еді» — депті. Кариялар жастардың тілін алмай, хан тағын Төреканға арнайды. Төрекан алтын такка отырады. Айтқандары болмаған соң, жастар шамданып, ортасынан зирексінген так-так біреуін Егізбай, Сегізбайға хабар салуға жібереді.

Сөзге шебер — сұнғыла,
Елден шыккан бір залым,
Астына мінді сұр құла,
Егізбаймен замандас.
Жасы қатар күрбы да,
Сұр құламенен желеді.
Егізбай мен Сегізді
Азғыруға келеді,
Сөзге шебер неме еді,
Келе сөйлей береді:
— Егіз бен Сегіз сен деді,
Бұзылған халық ел деді.
Хабарға келдім мен деді,
Тұғаннан туға таласкан
Патша болды Төрекан,
Мұнда жаткан нен деді.
Халықтың үлкен көрісі
Жастарға билік бермелі,
Сіздерге хабар келмеді,
Егізбай мен Сегіздін
Түп нағашысы қалмақтан

Бір нәсібі кем деді.
Егізбай елге хан болса,
Ыңғайында болмасақ,
Еріксіз елді жер деді.
Төрекандай төренің
Нағашысы ер нәсеп,
Екі жағы тен деді.
Төрекандай төрені
Хан қою болар жөн деді.
Тақ берді халық балаға,
Екеуің қалдың далаға,
Өзің ойла, Егізбай,
Аға тұрып, інсі
Төрден орын ала ма?
Жас қорланар іс болды,
Тұғаным деп аяма!
Артымнан өскен інім деп,
Дүшпан болған шіркінді
Тұысқанға балама.
Ағаға ерік салмаған
Жаман іні оңа ма?
Аға тұрып, інсі
Халықта тұлға бола ма?
Алқызыл мен Сарқызыл
Кос тұлпарға мін деді,
Адырналы бек сауыт,
Екі батыр-ки деді,
Көк сұнгіні қолға алыш,
Беліне алмас іл деді,
Тұғаным деп аямай,
Сәулениң алтын ордаға
Жаушылықпен ти деді.
Егізбай сонда арланды,
Айбаттанып шамданды,
Жаушылықпен баруға
Қаһарланып қамданды,

Катты жедел ойға алды,
Ашу қысып долданды,
Жылқыдағы Сегізге
Ер Егізбай жолданды.
Жедел куды батырды,
Тентек ісі өзіне
Егізбай ердің макұл-ды,
Жылқыдағы Сегізді
Бермен кел деп шақырды.
Ажары кетіп қуарған,
Екі көзі қызарған,
Ашуын сыртқа шығарған:
— Тұған інім сен едін,
Сенің ағаң мен едім,
Суық сөз естіп құлағым
Ашу қысып келемін,
Ашуланған себебім,—
Темірхан атам өлгесін,
Төрехан жиған халықты,
Өз аузына қаратып,
Атадан қалған алтын тақ
Параменен алыпты.
Бізге хабар берген жок,
Беруді макұл көрген жок,
Бірге туған ағам деп,
Тұстыққа сенген жок,
Біз журіппіз бекерге
Туғаннан туға таласқан
Қорлығы естен кетер ме?
Мұның берген зәбірі
Қекіректен өшер ме?
Алқызыл мен Сарқызыл
Тұлпарға мініп алалық,
Бірге тума десек те,—
Төрехан еткен алалық,
Қекірегі қаралық,

Тұыскан емес, бұ да жау,
Дүшпан болып шабалық;
Басын кесіп арамның,
Қанын үрттап қаналық,
Атадан қалған алтын тақ.
Жалғыздан тартып алалық,
Сегізбай да долданды,
Солқылдақ құрық қолға алды,
Ағасының жауабын
Теріс демей жолға алды.
Алқызыл мен Сарқызыл,
Тұлпарды ұстап алады,
Қараашстың ордаға,
Екі батыр барады.
Жау көргенде мінетін
Атқа ерді салады,
Береңгілі бек сауыт,
Шығыршықты қек сауыт
Беркіне қиіп алады.
Алтын балдақ ақ алмас,
Кәрленіп шапса, жан қалмас,
Белге орай салады.
Жабылыңқы қабағы,
Төреханды өлтіру,
Екі залым талабы.
Алды-артына қарамай,
Қарулары жарқылдал,
Қос тұлпары анқылдал,
Екеуі кетіп барады,
Қараашшқа бармады,
Сыр айтып ақыл салмады.
Сапарынан қалмады,
Жеделінен танбады.
Білігі артық Қарааш
Екеуінің жүрісін
Ақылмен байқап аңдады.

Караашаш сонда ойлайды.
Екі балам есер деп,
Отырмаймын бекер деп,
Түрі жаман бұлардың,
Ашу қыскан секілді;
Төрехандай төрені
Екеуі жазым етер деп.
Өзімнен туған бала-ды
Өтінейін жалынып,
Білігі болса ашуын,
Анам деп, маған «кешер» деп.
Егізбай мен Сегізбай
Кос тұлпармен жөнеді,
Кигені сауыт беренді,
Рауан жолға кенелді.
Қырыққа келген Карапаш.
Артынан қуды сол ерді.
«Егізбай» — деп ақырды,
«Сегізбайжан!» — деп шақырды.
Шақырды екі батырды,
Балам деп айқай салады.
Айқайлаған дауысы
Егіз, Сегіз ерлердің
Құлағына барады.
Айқайына тоқтамай,
Егіз бенен Сегізі
Кос тұлпарын сабады.
Караашаш жылап енрейді:
— Екі балам сен дейді,
Маған ақыл салмаған,
Шешеден ұлықсат алмаған
Екеуінің нең дейді.
Перзенттерім, шырағым,
Бір кайрылып кел дейді.
Қай сапарға барасын,
Жөнінді айтып бер,— дейді.

Сонда Егізбай сәйледі:
— Ал, Сегізбай бауырым,
Артыңнан қуды анаң-ай,
Кос балам деп шақырған
Даусы құлақ жарады-ай,
Қайрылмай кетсек жаман-ай,
Карғыс берер Карапаш
Қайта айналып, баралық-ай,
Төрехандай ініге,
Қорған бола барам деп,
Алдан кетіп қалалық-ай,
Егізбай менен Сегізбай,
Карапашқа келеді,
Келіп сәлем береді,
Дүзі жанбай анадан,
Өтірікті тереді:
— Темірхан атам өлгесін,
Қалмақ деген көп халық
Ел шабуға келіпті,
Еңсеге дүшпан төніпті,
Ел қысылып көп жаудан,
Егіз бен Сегіз келсін деп,
Бізге хабар беріпті,
Әрі батыр данамын,
Әрі елге ағамын,
Қуырам жаудың заманын,
Тоқтатам дүшпан табаның,
Ер қорғаны — батырмын.
Бірге туған бауырым,
Төрехандай ініме,
Қорған бола барамын.
— Ей Егізбай, Сегізбай,
Өтірік айтып алдама,
Ананды, шіркін, арбама,
Туған шешененді алдайсың,
Мақшарға не деп барасың,

Жаратқан жаббар аллаңа?
Шайтан кірді кеудене,
Жеделіңнен танбайсын,
Жаратпаймын түрінді,
Екеуінде он қару,
Төреканға арнайсын,
Шамаң келсе жалғыздын,
Қанын ұрттап жалмайсын,
Өтірік айтпа анаңа,
Емізген ақ сүт мамаңа,
Темірқан атаң өлгесін,
Хан болған шығар Төрекан
Байтак елге жаңа да.
Кәрге мінген ажарын,
Не түріске жүргенін,
Танып түр көндім назарың,
Суытуға барасың
Сәуленің қызық базарын,
Кайыруға барасын
Жас тілектің қажырын.
Айтқан шығар бір залым
Төрекан бала хан болған
Азғырумен хабарын.
Тілімді алсаң, сыңдырма
Бауырыңның назарын,
Екі балам сыңдырма,
Шын тілеген, сағымды,
Сыңдыра қойсаң сағымды,
Өшірдің бастан бағымды,
Ашуланып арлансаң,
Ініңнен алып берейін,
Таласкан, балам, тағынды.
Төреканжанға барайын,
Барып тілеп қарайын,
Арланғаның тақ болса,
Төреден сұрап алайын.

— Ей, Қарааш алжыған,
Жасы жетіп қажыған,
Сөзіңе құлақ салмаймын.
Колымдағы көк алмас
Төреканға арнаймын.
Ол жалғыз да біз екеу,
Қу бастың басын жалмаймын.
Айналдырма, Қарааш,
Сапарымнан қалмаймын.
Жау жақыннан табылды,
Ажалды соған арнаймын.
Бұ қорлыққа көнгендей,
Қарааш шешем, кандаймын?
— Көзімнің жасын көр, балам,
Шын тілегім бер, балам,
Жығыла тілек тіледім,
Бермеген тілек нең, балам?
Ақ сүт берген мен едім,
Ішімнен шыққан сен едің
Екі шырак керегім,
Төрекан бөтен кісі емес,
Мен үшін таста жеделің.
Екеуің үйде жата бер,
Төрекан мінген алтын тақ,
Ініңнен алып келемін.
— Қалдырып жолдан былшылдаپ,
Сыңдыра берме сағымды;
Байлаймын деме бағымды,
Жеделге мінген шағымды,
Суғасын көнілім
Елдікпен алман тағымды,
Шын қаһарға мінгесін,
Келтірмей кайтпан, жазымды.
— Жығыла тілек тіледім,
Тілегімді бермейсін,
Көзімнің жасын көрмейсін,

Кисық істі жөн дейсін.
Нагашысы Төрехан,
Хан сұлтан еді Нұрадын,
Айтулының өзі еді.
Төрехан жалғыз беренім
Соның нәсіл көзі еді.
Төрехан бала хан болса,
Жаман менен жақсының
Бәрін бірдей көреді,
Қара қылды қақ жарып,
Әділ төре береді.
Пақыр менен мұскінге,
Төренің тиер себебі.
Егізбай егер хан болса,
Қазіргі сиқы мынау ғой,
Елді басып жер еді.
Тілек тілеп зарладым,
Тілекке құлақ салмадың,
Сөзімді қабыл алмадың.
Көзімнің жасын көрмедин,
Қолымды теріс жаяйын,
Теріс бата қағайын,
Пиғылың арам болғасын,
Балам деп неге аяйын?!
Жеделің қабыл болмағыр,
Бұ дүниеде онбағыр,
Төрехандай төрені,
Әулиелер қолдағыр,
Бабалары корғағыр,
Ер ашуы қыздады,
Айтқан сөзі Қарашаш
Ерлердің жанын сығады,
Өзінің тапқан шешесін
Екі батыр куады.
Қамшыменен сабады,
Шашынан алып шыңғыртып,

Кос бұрымын жұлады,
Табанда ұрып жығады,
Екі бала қамады,
Қамшылап құып сабады,
«Батыр болсан, сондай бол»,
Ананың басын жарады,
Қарашаш ана басынан
Сорғалап қан ағады,
Қатты таяқ зарпынан
Қарашаш сұлу талады.
Ұрып жығып шешесін,
Сәуленің алтын ордаға
Екеуі кетіп барады.
Қарашаш сонда жылады,
Көзінің жасын бұлады,
Көзден ақкан ыстық жас,
Омырауын жуады.
— Тоғыз ай, он күн көтерген
Еңбекті анаң мен едім,
Өзімнен туған перзентім,
Ізгілік етер деп едім,
Қара жүрек, арам ит,
Анаға жоқ керегін,
Ақ сүтімнің айы ұрсын,
Қазіреті баба ұрсын,
Еңсөнен басып тағы ұрсын.
Осыны айтып Қарашаш,
Кос бүйірін сығады,
Көзінің жасын бұлады,
Орнынан талып тұрады,
Ордасына өзінің
Асыға қадам ұрады,
Бір қайнысын тауып ап;
— Астыңа ат мін деді,
Карыңа қамшы іл деді,
Төреханның ордаға,